

Мемлекет басшысы Қ.Тоқаев:

ҚАЗІР ТЕҢІЗГЕ ШЫҒАР ЖОЛЫМЫЗ БОЛМАҒАНЫМЕН, КЕЛЕШЕКТЕ АМАЛЫН ТАБАМЫЗ

Сарқылмасын Сыр - Ана!



7 МЛРД. ҚАЙТАРЫЛҒАН АКТИВ – 300 МЫҢ АДАМ ДЕНСАУЛЫҒЫ

Мемлекет басшысының тапсырмасын жүзеге асыру аясында Қазақстанда заңсыз шетелге шығарылған активтерді елге қайтару арқылы әлеуметтік нысандар салу жұмыстары жалғасып жатыр. Арнаулы мемлекеттік қордан Қызылорда облысындағы денсаулық сақтау саласындағы бірқатар жобаға шамамен 7 млрд. теңге бөлінді.

Бұл қаражат Арал, Қазалы, Шиелі және Жаңақорған аудандарындағы орталық аудандық ауруханалар жанынан жаңа ғимараттар салуға бағытталған.

Онда инсульт орталықтары, рентгенхирургия бөлімшелері және басқа да бейінді бөлімдер ашылып, заманауи медициналық жабдықтар: магниттік-резонанстық томография, компьютерлік томография және ангиографиялық қондырғылар орнатылады.



Жобалар жүзеге асқан соң, ауылдық жерлердегі 300 мыңнан астам тұрғын мамандандырылған медициналық көмекке қол жеткізеді. Нысандарды биыл пайдалануға беру жоспарланған.

АНА МЕН БАЛА АМАН БОЛСЫН ДЕП

Үкімет басшысы Олжас Бектеновтің төрағалығымен сауданың цифрлық трансформациясы, ана мен бала өлімін төмендету жөніндегі шаралар талқыланған Үкімет отырысы өтті.

Аталған мәселелер бойынша тиісті министрлік министрлері баяндама жасады. Баяндамалар негізінде Үкімет басшысы О.Бектенов тапсырмалар берді. Мәселен сауданың сандық жүйеге келуіне орай «**Кәсіпкерлер сертификаттау рәсімдерінің ашық болмауы мен қағаз құжаттардың қайталанатынын айту**да. Бұл мәселелерді **сертификаттау, аккредиттеу және стандарттау тетігін жаңғыртуға бағытталған Е-ТРМК техникалық реттеу жүйесі** шешуге тиіс. Осыған байланысты сауда, қаржы және цифрландыру министрліктері биылғы жылдың соңына дейін Е-ТРМК жүйесін салалық мемлекеттік органдардың ақпараттық жүйелерімен толық интеграциялауды қамтамасыз етуі қажет. Тауарлардың көптеген тобына таңбалауды өнгізу мәселесіне қатысты бизнес тарапынан сұрақтар аз емес. Тауарларды цифрлық таңбалау жобасы ішкі нарықты контрафактілік және сапасыз өнімдерден қорғауға, отандық өндірушілердің бәсекеге қабілеттілігін арттыруға бағытталған. Мәнінше, Сауда және интеграция министрлігі тарапынан таңбалаудың маңыздылығы мен оң әсері туралы кәсіпкерлерге тиісті түсіндіру жұмыстары жүргізілмеді. Сондықтан ақпараттық-түсіндіру науқанын күшейтіп, таңбалауға жататын тауарлар тізбесін кеңейтуді жалғастыру керек», — деп, Үкімет басшысы бұл мәселедегі кемшіліктерді ашық айтып, оны жөндеуге тапсырма берді.

Мәжіліске облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев селекторлық режимде қатысты.

Үкімет отырысынан кейін аймақ басшысы облыс әкімдігінде арнайы жиын өткізіп, жауапты сала басшыларына тапсырмалар жүктеді.

- «Бүгінгі Үкімет отырысында сауданың цифрлық трансформациясы, ана мен бала өлімін төмендету мәселелері қаралды.

Өңірімізде электронды сауданы дамыту бағытындағы жұмыстарды әлі де күшейтуіміз қажет.

Кәсіпкерлік палатасы, жергілікті кәсіпкерлерді электронды сауда негіздеріне оқытуды тұрақты түрде жалғастыру керек. Қала, аудандарда «Қазпошта» желісінің мүмкіндіктерін кеңінен насихаттап, тауар өндіруші кәсіпкерлердің «Постмаркет» платформасына тіркелуін қамтамасыз етіңіздер – деп, жиындағы бірінші мәселе бойынша тиісті басшыларға ол да тапсырма берді.

Қазіргі таңда өңірімізде тауарлар мен қызметтерді өткізу үшін интернет-ресурстарды пайдаланатын 12 кәсіпорын тіркелген (оның 3-і ресми сайт, 9-ы маркетплейс пайдаланушылар). Олар өткен жылы 48 мыңнан астам тапсырыс жасап, сауда айналымы 292 млн. теңгеге жетті. Тапсырыстарды сақтау мен жеткізу бағытында интернет дүкендердің тарату пункттері жұмыс істейді. Интернет дүкендер өткен жылы 1 млн-нан астам тапсырыс қабылдаған. Өңірімізде «Қазпошта» желісінің 11 супермаркеті бар.

Жиында қаралған екінші мәселе ана мен бала өлімін төмендету бағытында облыс әкімі: Ана мен бала денсаулығын қорғау бағытында жоспарлы әрі жүйелі жұмыс бар.

Облыстық денсаулық сақтау басқармасы, статистика департаменті, Ұлттық ғылыми денсаулық сақтауды дамыту орталығының филиалы, Қызылорда қаласы, аудан әкімдіктерімен бірлесіп, аймақтағы демографиялық көрсеткіштердің нақты әрі біркелкі болуын қатаң бақылауға алыңыздар.

Ана мен бала денсаулығын сақтау саласындағы негізгі көрсеткіштер жыл соңына дейін толық орындалуы тиіс. Жүкті әйелдер мен балалар денсаулығын нығайтуда медициналық көмек сапалы әрі қолжетімді болуы өте маңызды», – деді.

Ана өлімі көрсеткіші соңғы 5 жылда 12 есеге дейін төмендеді. Қабылданған нақты шаралар нәтижесінде нәресте өлімі өткен жылмен салыстырғанда 9 жағдайға, соңғы 5 жылда 21 пайызға азайды.

Көпбейінді облыстық аурухана базасында жоғары қауіп тобындағы жүкті әйелдерге акушерлік көмек көрсететін 70 тесектік перинаталды бөлімше

ашылып, жұмыс жасауда. Жергілікті бюджеттен 1 млрд. 500 млн. теңге қаржы бөлініп, бөлімшеге заманауи құрал-жабдықтар алынды.

Соңғы 3 жылда жергілікті бюджеттен медицина қызметкерлерінің біліктілігін арттыруға 375 млн. теңге қаралып, оның 192 млн. теңгесі мамандарды шет елдерде оқытуға бағытталды.

Ана мен бала саулығына қажетті материалдық-техникалық базаны нығайту мақсатында медициналық мекемелер 4 млрд. 700 млн. теңгеге құрал-жабдықтармен қамтылды.

Балаларға стационарлық медициналық көмектің қолжетімділігін арттыруда облыс орталығынан қалалық балалар ауруханасын ашу жұмыстары басталды. Аурухана базасында даму бұзылыстары бар 3 жасқа дейінгі балаларға арналған ерте араласу орталығын ашу үшін «Қазақстан халқына» қоры арқылы 125 млн. теңгеге құрал-жабдықтар алынып, мамандар біліктік жетілдірді.

Аталған қордың қолдауымен Жаңақорған ауданында «Қамқорлық» оңалту орталығы ашылды. Осындай орталық жақын күндері Арал ауданында пайдалануға беріледі.

Одан бөлек «Сәби» қайырымдылық қоры арқылы облыстық балалар ауруханасына 700 млн. теңгеге жөндеу жұмыстары жүргізіліп (қабылдау бөлімі, жарақат бөлімі, операциялық блок), құрал-жабдықтар алынады.

Жиында облыс әкімі жаңа оқу жылы қарсаңындағы міндеттерді пысықтап, тапсырмалар берді.

- «Қала, аудан әкімдері 1 апта ішінде білім беру нысандарының аумағындағы жол белгілерін, жаяу жүргіншілер жолдарын қалыпқа келтіріп шығыңыздар.

Облыстық білім, мәдениет, архивтер және құжаттама, дене шынықтыру, спорт және туризм, денсаулық сақтау, жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармалары, Қызылорда қаласы, аудан әкімдіктерімен бірлесіп, өздеріңізге қарасты мекемелердің ғимараттарындағы ағымдағы жөндеу, күрделі жөндеу жұмыстарын 20 тамызға дейін аяқтау керек», - деді Н.Нәлібаев.

Біріккен Ұлттар Ұйымының теңізге шығар жолы жоқ дамушы елдерге арналған үшінші конференциясы Түрікменстан, Аваза қаласында өтті.

Оған Президент Қасым-Жомарт Тоқаев қатысып, сөз сөйледі. Ең әуелі конференцияны шақыру бастамасын көтергені үшін Түрікменстан Президенті Сердар Бердімұхамедовке ризашылығын білдірді. Сондай-ақ теңізге шығар жолы жоқ дамушы елдердің проблемаларын шешуге және мүмкіндіктерін пайдалануға бейіл танытқаны үшін БҰҰ Бас хатшысы Антониу Гутерришке алғыс айтты.

♦ Жиырма жылдан астам уақыт бұрын Қазақстан Теңізге шығар жолы жоқ дамушы елдерге арналған БҰҰ-ның алғашқы конференциясын өткізіп, жетекші рөл атқарды. Яғни еліміз бұл үздіксіз үдеріске бастапқы жылдардан бері қатысып келеді. Осы тарихи оқиға барысында Алматы іс-қимыл бағдарламасы қабылданды. Бұл құжат теңізге шығар жолы жоқ дамушы елдер тобының мәселелерін жаһандық дамудың күн тәртібіне тұңғыш рет шығарды. Бүгін біз алдымызда тұрған міндеттерді одан әрі ілгерілету мақсатында Авазада бас қосып отырмыз.

♦ Осы топ құрамындағы 32 дамушы елде жарты миллиардтан астам адам тұрады. Олардың көпшілігі қаржыландыруға және технологияға қол жеткізуде, сондай-ақ жаһандық нарыққа жол табуда кездесетін кедергілермен бетпе-бет келеді.

Аймақтағы шектеулі байланыс – теңізге шығар жолы жоқ дамушы елдердің басты проблемасы. Бұл транзит және сауда шығыны, сондай-ақ геосаяси факторларға осалдық секілді біршама экономикалық қиындық тудырады. Аталған кедергілер азаматтардың әл-ауқатына әсер етіп, бәсекеге қабілеттілікті төмендетеді. Түрлі қақтығыстар, экономикалық санкциялар, жеткізу тізбегінің бұзылуы және жаһанда сенімсіздіктің белең алуы жағдайды одан әрі ушықтыра түседі. Дегенмен Қазақстан теңізге шығар жолы жоқ дамушы мемлекеттерді жаһандық мәселелердің шешімін табуға атсалысатын тең құқылы әрі перспективті серіктес ретінде қарау керек деп санайды. Мұндай елдердің үні анық естілуге тиіс, ал біздің өзара ынтымақтастығымыз терең, ұжымдық ұмтылысымыз батыл болуы қажет.

♦ Бұл маңызды бастама транзиттік елдердің, халықаралық даму ұйымдары мен қаржы институттарының саяси қолдауына ие болуға тиіс. Көлік, энергетика және цифрлы инфрақұрылым сияқты басты секторларға инвестицияны ынталандыруға арналған жаңа қаржы тетіктері керек.

♦ Теңізге шығар жолы жоқ көптеген дамушы ел су тапшылығы, мұздықтардың еруі, шөлейттену секілді экстремалды табиғи құбылыстарға душар болып отыр. Бұл проблемаларды шешу үшін өңір елдерінің ортақ күш-жігері мен белсенді халықаралық қолдау қажет. Дегенмен, менің ойымша, климаттың өзгеруіне қарсы күрес шаралары теңгерімді әрі инклюзивті сипатын сақтап, елдердің даму жолындағы сұраныстарына сай болуға тиіс. Климаттық өзгерістермен күреске жұмылу мақсатында Сіздерді келесі жылы сауір айында Біріккен Ұлттар Ұйымымен бірге Астанада ұйымдастырылатын Өңірлік экологиялық саммитке шақырамын.

♦ Біз Орта дәліз және «Солтүстік – Оңтүстік» бағдары бойындағы көлік жолдары мен транзит инфрақұрылымын дамытуға баса мән береміз. Түпкі мақсатымыз – темір жолдың, автокөлік жолдарының, сондай-ақ авиация мен логистика орталықтарының біртұтас желісін құру. Бұл Қазақстанның Еуразиялық транзит хабы ретіндегі позициясын нығайтады. Қазіргі кезде Азия мен Еуропа арасындағы құрлық арқылы тасымалданатын жүктің 85 пайызға жуығы еліміз арқылы өтеді. Біз сондай-ақ цифрландыруға инвестиция құйып жатырмыз. Астана қаласында Alem.AI жасанды интеллект орталығы құрылды. Жуырда суперкомпьютер іске қосылды. Ғылыми ынтымақтастыққа әрдайым ашықпыз. Серіктестерімізді қатарымызға қосылуға шақырамыз.

♦ Қазір теңізге шығар жолымыз болмағанымен, келешекте амалын табамыз. Яғни құрлық арқылы байланыс орнатудың маңызы арта түседі. Біздің өңірдің әлеуметтік-экономикалық дамуы орнықты. Саяси ерік-жігер, стратегиялық инвестиция мен халықаралық серіктестік болса, теңізге шығатын жолдың жоқтығы кедергі емес, керісінше, өсімге ынталандырады. Орталық Азия өзара тиімді ықпалдастық қанат жайған аймаққа айналғанына куә болып отырмыз. Өңірдің сауда, инвестиция, көлік, байланыс және ресурстарды орнықты басқару салаларында даму әлеуеті жоғары. Екі күн бұрын Қазақстан мен Біріккен Ұлттар Ұйымы арасында Орталық Азия мен Ауғанстанға арналған орнықты даму мақсаттары жөніндегі өңірлік орталығын құру туралы келісімге қол қойылды. Оның штаб-пәтері Алматыда орналасқан. Бұл тұтас аймақ үшін маңызды жетістік әрі Аваза бағдарламасының игі мақсаттарына толық сай келеді. Қазақстанның осы бастамасын қолдағаны үшін БҰҰ Бас хатшысына және Орталық Азиядағы серіктестерімізге тағы да ризашылығымды білдіремін.

(Қ.Тоқаевтың сөйлеген сөзінен)

Қызылорда облысының әкімі Н.Нәлібаев:

0,9 МЛРД. ТЕКШЕ МЕТР СУ ҚАЖЕТ

Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев Су ресурстары және ирригация министрі Нұржан Нұржігітовпен кездесті. Басқосуда өңірдегі су жағдайы мен алдағы жоспарлар сөз болды.

Аймақ басшысы суға қатысты күрделі мәселені шешу жолында тиісті шаралар қабылданғанын айтып, атқарылған жұмыстарға тоқталды.

- «Өзіңізге белгілі облысымыздың экономикалық-экологиялық жағдайы, халқының тыныс-тіршілігі Сырдария өзенінің деңгейіне тікелей байланысты.

Соңғы жылдардағы су тапшылығының қиындығын Сыр диқандары ерекше сезінуде. Биыл өңірдегі вегетациялық кезең өте күрделі жағдайда өтуде. Егінге қажетті су көлеміне сұраныс ең жоғары деңгейіне жетті.

Бүгінде алқаптарды сумен тұрақты қамтамасыз етуге бөлінген 3 млрд. 900 млн. текше метр су лимитінің облысқа 3 млрд. текше метрі каналдармен алынды (лимиттен 0,9 млрд. текше метрге кем).

Вегетациялық кезеңді нәтижелі аяқтау үшін алдағы уақытта 0,9 млрд. текше метр су қажет», – деді Н.Нәлібаев.

Биыл облыс бойынша 189 600 гектар жерге егін егілді. Ауыл шаруашылығы саласының жалпы өнімін екі есе арттыру жөніндегі Жол картасына сәйкес күріш 80 900 гектарға себілген.

Министр Нұржан Нұржігітов су тапшылығына қатысты мәселені шешуде атқарылған жұмыстарға тоқталды. Суды тиімді пайдалану тәжірибесін қолданып, заманауи әдістерге көшудің маңызы туралы айтты.

Су ресурстары және ирригация министрі Сыр өңіріне жұмыс сапары барысында Жаңақорған ауданы Көктебе ауылындағы жаңадан қазылған каналға су тоспасы салынатын орынға барып, шаруашылықтардың күріш алқаптарының жай-күйімен танысты.

СЫРДАРΙΑ АУДАНЫ БОЙЫНША КОММУНАЛДЫҚ ҚАЛДЫҚТАРДЫҢ ТҮЗІЛУ ЖӘНЕ ЖИНАҚТАЛУ НОРМАЛАРЫН БЕКІТУ ТУРАЛЫ

Қазақстан Республикасының Экология Кодексінің 365-бабы 3-тармағының 2) тармақшасына, «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 6-бабы 1-тармағының 15) тармақшасына сәйкес, Сырдария аудандық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Сырдария ауданы бойынша коммуналдық қалдықтардың түзілу және жинақталу нормалары осы шешімнің қосымшасына сәйкес бекітілсін.
2. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Лауазымы	Аты-жөні
	шешіміне 1-қосымша

СЫРДАРΙΑ АУДАНЫ БОЙЫНША КОММУНАЛДЫҚ ҚАЛДЫҚТАРДЫҢ ТҮЗІЛУ ЖӘНЕ ЖИНАҚТАЛУ НОРМАЛАРЫН БЕКІТУ ТУРАЛЫ

№	Коммуналдық қалдықтар жинақталатын объектілер	Есептік бірлік	Жылдық норма м2
1	2	3	4
1	Жайлы үйлер	1тұрғын	1,95
2	Жайлы емес үйлер	1тұрғын	1,85
3	Жатақханалар, интернаттар, балалар үйлері, қарттар үйлері және сол сияқтылар	1орын	0,284
4	Қонақ үйлер, санаторийлер, демалыс үйлері	1орын	2,93
5	Балабақшалар, бөбекжай және басқа да мектепке дейінгі мекемелер	1орын	1,44
6	Мекемелер, ұйымдар, офистер, кенселер, банктер, байланыс бөлімшелері	1қызметкер	0,142
7	Емханалар, медициналық орталықтар	1келіп кету	0,712
8	Ауруханалар, өзге де емдеу-сауықтыру мекемелері	1төсек/орын	0,712
9	Мектептер және өзге де оқу орындары	1оқушы	1,44
10	Мейрамханалар, дәмханалар, қоғамдық тамақтану мекемелері	1отыратын/орын	0,434
11	Театрлар, кинотеатрлар, концерт залдары, түнгі клубтар, ойынханалар, ойын автоматтарының залы, интернет-кафелер, компьютерлік клубтар	1отыратын/орын	0,03
12	Мұражайлар, көрмелер	жалпы алаңы 1 м²	0,07
13	Стадиондар, спорт алаңдары	1 орын	0,03
14	Спорт, би және ойын залдары	жалпы алаңы 1 м²	0,36
15	Азық-түлік және өнеркәсіп-тауар дүкендері, аралас дүкендер	сауда алаңы 1 м²	0,234
16	Машиналардан сауда жасау	сауда орнының 1 м²	4,5
17	Көтерме базалар, өнеркәсіптік, азық-түлік тауарларының қоймалары	сауда алаңы 1 м²	0,0215
18	Базарлар, сауда павильондары, дүңгіршектер, науалар	сауда алаңы 1 м²	0,023
19	Тұрмыстық үйлер: халыққа қызмет көрсету	жалпы алаңы 1 м²	0,3
20	Вокзалдар, автовокзалдар, әуежайлар	жалпы алаңы 1 м²	0,526
21	Жағажайлар, жолдардан көше сметалары	жалпы алаңы 1 м²	0,03
22	Дәріханалар	сауда алаңы 1 м²	1,56
23	Автотұрақтар, автомобильді жуу орындары автожанармай құю бекеттері	1машина-орын	0,022
24	Автोकөлік шеберханасы	1жұмысшы	0,025
25	Гараж кооперативтері, гараждар, паркингтер	1гаражға	2,88
26	Шаштараздар, сұлулық салондары	1жұмыс орны	1,73
27	Кір жуу, химиялықтазалау, тұрмыстық техниканы жөндеу, тігін ательесі	жалпы алаңы 1 м²	0,022
28	Зергерлік шеберханалар, аяқ киім жөндеу, сағат	жалпы алаңы 1 м²	0,3
29	Шағын жөндеу және қызмет көрсету (кілттерді дайындау және т. б.)	1 жұмыс орны	5,4
30	Монша, сауналар	жалпы алаңы 1 м²	0,44
31	Қала аумағында жаппай іс-шараларды ұйымдастыратын заңды, саябақ орындары	1000 қатысушыға	0,76
32	Бау-бақша кооперативтері	1 жер телімі	2,7

САРАПШЫЛЫҚ ЗЕРТТЕУ-КҮРДЕЛІ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ПРОЦЕСС

Қызылорда облысы бойынша Сот сараптамасы институтында 16 сарапшылық мамандығы бойынша 42 сараптама түрі жүргізіледі. Сонымен қатар институтта арнаулы ғылыми білімі бар сот сарапшылары қызмет атқарады.

Сарапшылық зерттеу-күрделі шығармашылық процесс, онда ғылым мен техника жетістіктерін білу, қазіргі тиімді зерттеу әдістемелерін меңгеру, сарапшының білік-дағдысы іске асырылады.

Сот сараптамасының әрбір тегі мен түрлеріне тән белгілер зерттеу әдістерінен тұратын сарапшылық зерттеудің тиісті әдістемесі болып табылады.

Сот-сарапшылық зерттеу әдісі-бұл сарапшының алдына қойылған сұрақты шешу үшін деректерді алудың логикалық және аспапты операциялар (тәсілдер, амалдар) жүйесі.

Сот-сарапшылық зерттеу әдістемесі-сараптамалардың белгілі бір тегі, түрі тақырыбына жататын нақты деректерді анықтау үшін сот сараптамасы объектілерін оқып-зерттеу кезінде қолданылатын әдістемелер (амалдар, техникалық құралдар) жүйесі.

Сарапшылық танымға әдістердің реттілігі, жүйелілігі тән, сондықтан да әдістеме мазмұнына енгізілген әдістер шешілетін міндеттер мен зерттеудің шарттарына тәуелді белгілі бір дәйектілікпен қолданылады.

Сот-сарапшылық зерттеудің әдістемесі сарапшылық міндеттерді шешуге бағдарланған болғандықтан, оның өзіндік ерекшелігі сараптамаының тақырыбы мен объектілерінің ерекшеліктерімен есептеледі.

Сот-сараптамасында пайдаланылатын әдістер, көбінде, жаратылыс және техникалық

ғылымдардан алынған және сараптаманың міндеттерімен объектілерінің өзіндік ерекшелігіне сәйкес түрлендірілген. Олар іске асыру нысандары-амалдар, техникалық жабдықтар бойынша жалпы ғылыми әдістерінен елеулі айырмашылығы болады.

Кез келген ғылыми-техникалық құрал мен әдіс сот сараптамасының мақсаттары үшін ұсыныла қоймайды. Оларға, алдымен, іс жүргізу заңы белгілейтін бірқатар талаптар ұсынылады.

Қорыта айтқанда, Сот-сарапшылық зерттеу әдістері мен әдістемелері сот сараптама өндірісінде маңызды рөл атқарады.

АБИЛЬДАЕВ МУХТАР
Қызылорда облысы бойынша
Сот сараптамалары институтының
бас сарапшысы

ИНТЕРНЕТ АЛАЯҚТЫҚ

Бүгінгі күні кең тараған қылмыстардың бірі – ол алаяқтық. Алаяқтық - бөтеннің мүлкін жымқыру немесе алдау немесе сенімді теріс пайдалану жолымен бөтен мүлікке құқықты иемдену болып табылады.

Бүгінгі таңда ең кең тараған алаяқтықтың қауіптісі – ол интернет арқылы жасалатын алаяқтық. Алаяқтар әлеуметтік желілерге жалған интернет хабарландырулар орналастырады. Жіні кездесетін түрлері: интернет арқылы сауда жасау және қызмет көрсету, сондай –ақ өздерін банк қызметкерлері ретінде таныстырып, жеке деректерді иемдену және бөтен біреудің атынан онлайн-несие рәсімдеу арқылы жасалатын қылмыстар болып отыр.

Қызылорда қаласының №2 сотының ағымдағы жылдың 7 айдың қорытындысымен сот өндірісінде 8 адамға қатысты 8 іс қаралып, айыптау үкімі қабылданған. Сот үкімімен 7 адам сотталған, оның 5-іне бас бостандығын шектеу жазасы, 2 адамға бас бостандығынан айыру жазасы тағайындалған, 1 адамға тараптардың татуласуына байланысты қылмыстық жауапкершіліктен босатылған.

Сот өндірісінде Қазақстан Республикасы ҚК-нің 190-бабы 2-бөлігінің 4)-тармағымен сотталушы Б. ақпараттық жүйені пайдаланушыны алдау жолымен бөтеннің мүлкін жымқырып, оған қатысты алаяқтық қылмыстық құқық бұзушылық жөнінде іс қаралған.

Сотталушы Б. қылмыстық жолмен, яғни ақпараттық жүйені пайда-

ланушыны алдау арқылы оңай ақша табу ниеті туындап, «WhatsApp» әлеуметтік желісі арқылы үлкен көлемде несие алып бере алатыны жөнінде жарнамалаған. Жәбірленуші К. «WhatsApp» әлеуметтік желісінен жарнаманы көріп, сотталушы Б.-ға хабарласып, сотталушы несие алып бере алатынын жалған айтып, жәбірленушінің жеке басы жөнінде ақпараттарды алған. Әрі қарай сотталушы жәбірленуші К.-ның жеке ақпараттарын пайдалана отырып, микроқаржыландыру мекемесінен 97 000 теңге несие рәсімдеп, өз бас пайдасына жаратқан.

Сот үкімімен сотталушы Б.-ға 2 (екі) жыл мерзімге бас бостандығын шектеу жазасы тағайындалып, пробациялық бақылау белгіленген.

Интернет-қылмыскерлердің құрбаны болмас үшін қарапайым қауіпсіздік шараларын сақтау керек, дербес деректерді ешкімге хабарламауға, белгісіз адамдарға ақша аудармау; өз құжаттарыңызға қол жеткізуді шектеу (жеке куәлік, банк картасы), құжаттардың фотосуреттерін ешкімге жолдамау қажет.

Мәліметтер алаяқтарға белгілі болған жағдайда, оларға алдағы уақытта микрокредиттік қаржы ұйымдарында немесе банктерде олардың атынан несиелерді оңай рәсімдеуге мүмкіндік беретін есте сақтау қажет.

Б.А.ТЖАНОВА
Қызылорда қаласының
№2 соты әкімшісінің бас маманы

ОБ УТВЕРЖДЕНИИ НОРМ ОБРАЗОВАНИЯ И НАКОПЛЕНИЯ КОММУНАЛЬНЫХ ОТХОДОВ ПО СЫРДАРЬИНСКОМУ РАЙОНУ

В соответствии с подпунктом 2) пункта 3 статьи 365 Экологического кодекса Республики Казахстан, подпунктом 15) пункта 1 статьи 6 Закона Республики Казахстан «О местном государственном управлении и самоуправлении в Республике Казахстан», Сырдарьинский районный маслихат **РЕШИЛ:**

1. Утвердить нормы образования и накопления коммунальных отходов по Сырдарьинскому району, согласно приложению к настоящему решению.
2. Настоящее решение вводится в действие по истечении десяти календарныхдней после дня его первого официального опубликования.

Должность	ФИО
	Приложение 1 к решению

НОРМ ОБРАЗОВАНИЯ И НАКОПЛЕНИЯ КОММУНАЛЬНЫХ ОТХОДОВ ПО СЫРДАРЬИНСКОМУ РАЙОНУ

№	Объект накопления коммунальных отходов	Расчетная единица	Годовая норма м2
1	2	3	4
1	Домовладения благоустроенные	1житель	1,95
2	Домовладения неблагоустроенные	1житель	1,85
3	Общежития, интернаты, детские дома, дома престарелых и другие подобные объекты	1место	0,284
4	Гостиницы, санатории, дома отдыха	1место	2,93
5	Детские сады, яслии другие дошкольные учреждения	1место	1,44
6	Учреждения, организации, офисы, конторы, банки, отделения связи	1сотрудник	0,142
7	Поликлиники, медицинские центры	1посещение	0,712
8	Больницы, прочие лечебно-профилактические учреждения	1койко/место	0,712
9	Школыидругиеучебныезаведения	1учащийся	1,44
10	Рестораны, кафе, прочие увеселительные заведения и учреждения общественного питания	1 по садовое место	0,434
11	Театры, кинотеатры, концертные залы,ночные клубы, казино, залы игровых автоматов, интернет-кафе, компьютерные клубы	1посадовное место	0,03
12	Музеи, выставки	1 м² общей площади	0,07
13	Стадионы, спортивные площадки	1место	0,03
14	Спортивные,танцевальные и игровые залы	1 м² общей площади	0,36
15	Продовольственные и промышленно-товарныемагазины, смешанные магазины	1м² торговой площади	0,234
16	Торговля с машин	1 м² общей площади	4,5
17	Рынки,торговые павильоны, киоски, лотки	1 м² общей площади	0,0215
18	Оптовые базы, склады промышленных, продовольственных товаров	1м²общей площади	0,023
19	Дома быта: обслуживание населения	1 м² общей площади	0,3
20	Вокзалы, автовокзалы, аэропорты	1 м² общей площади	0,526
21	Пляжи, уличные сметы с дорог	1 м² общей площади	0,03
22	Аптеки	1 м² торговой площади	1,56
23	Автостоянки, автомойки, АЗС	1 машино- место	0,022
24	Автомастерские	1работник	0,025
25	Гаражные кооперативы, гаражи, паркинги	на 1гараж	2,88
26	Парикмахерские, косметические салоны	1 рабочее место	1,73
27	Прачечные, химические чистки, ремонт бытовой техники,швейные ателье	1м²общей площади	0,022
28	Мастерские ювелирные, по ремонту обуви, часов	1 м² общей площади	0,3
29	Мелкий ремонт и услуги (изготовление ключей и т.д.)	1 рабочее место	5,4
30	Бани, сауны	1 м² общей площади	0,44
31	Юридические, организующие массовые мероприятия на территории города, парковые отходы	1000 участников	0,76
32	Садоводческие кооперативы	1участок	2,7

СЕНИМ ТЕЛЕФОНЫ

Қазақстан Республикасы Президентінің 2015 жылғы 29 желтоқсандағы «Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызметшілерінің әдептілік нормаларын және мінез-құлық қағидаларын одан әрі жетілдіру жөніндегі шаралар туралы» № 153 Жарлығы талаптарының орындалуы және Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 18 қарашадағы №410-V «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңына сәйкес **«Қызылорда қаласының Қарауылтөбе ауылдық округі әкімінің аппараты» коммуналдық мемлекеттік мекемесінде 8 (7242) 21-33-21 «Сенім телефоны»** жұмыс жасайтынын және Қарауылтөбе ауылдық округі әкімімен азаматтарды жеке мәселелерімен қабылдау әр аптаның сәрсенбі күні сағат 15.00-ден 19.00-ге дейін жүргізілетіндігін хабарлайды.

ТЕЛЕФОН ДОВЕРИЯ

В соответствии с Указом Президента Республики Казахстан от 29 декабря 2015 года № 153 «О мерах по дальнейшему совершенствованию этических норм и правил поведения государственных служащих Республики Казахстан» и Законом Республики Казахстан от 18 ноября 2015 года №410-V«О противодействии коррупции» сообщаем, что, в **коммунальном государственном учреждении «Аппарат акима сельского округа Карауылтөбе города Кызылорды»** работает «Телефон доверия» 8 (7242) 21-33-21 и прием граждан по личным вопросам Акимом сельского округа Карауылтөбе проводится каждую среду недели с 15.00 до 19.00 часов.

2025 ЖЫЛЫ 31 ТАМЫЗҒА ТАҒАЙЫНДАЛҒАН ҚАРАУЫЛТӨБЕ АУЫЛДЫҚ ОКРУГІ ӘКІМІНІҢ САЙЛАУЫНДА БАРЛЫҚ КАНДИДАТТАРҒА ҮГІТТІК БАСПА МАТЕРИАЛДАРЫН ОРНАЛАСТЫРУ ҮШІН БЕЛГІЛЕНГЕН ОРЫН

№	Елдімекеннің атауы	Орналасқан жері
1	Қарауылтөбе ауылдық округінің Қарауылтөбе ауылы	Абай Құнанбаев көшесі, Орталық алаңның сол жағында

МЕСТО ДЛЯ РАЗМЕЩЕНИЯ АГИТАЦИОННЫХ ПЕЧАТНЫХ МАТЕРИАЛОВ ДЛЯ ВСЕХ КАНДИДАТОВ НА ВЫБОРАХ АКИМА КАРАУЛТОБИНСКОГО СЕЛЬСКОГО ОКРУГА СЕЛЬСКОГО ОКРУГА, НАЗНАЧЕННЫХ НА 31 АВГУСТА 2025 ГОДА

№	Наименование населенного пункта	Место расположение
1	село Карауылтөбе сельского округа Карауылтөбе	улица Абая Қунанбаева, слева от центральной площади

МЕНШІК ИЕСІ: «Желтоқсан и К» ЖШС Бас редактор Сәрсенкүл Бәйдешқызы БІҚОЖАЕВА Бас редактордың орынбасары Айдана ӘЛИАРЫСТАН	Редакцияның мекен-жайы: Қызылорда қаласы Абай даңғылы, 59/1 Телефон: 23-16-08 23-16-11	(E-mail: a_akshamy@mail.ru) Газет Қазақстан Республикасы Байланыс және Ақпарат Агенттігінде тіркеліп №14611-Г/ «7» қараша 2014 жылы күшігі берілген. Алғашқы есепке қою кезіндегі нөмірі мен мерзімі №1026-Г - 11.01.2000 ж Газет аптасына бір рет жарық көреді	ТАРАЛЫМЫ: 4000 Газет редакцияның компьютерлік орталығында теріліп, беттелді. Газет Қызылорда қаласындағы «PRINT» баспаханасында басылды. Мекен-жайы: Қызылорда қаласы, А.Байтұрсынов көшесі, №49 Таралу аумағы: Қазақстан Республикасы Тапсырыс	Газет бетіндегі жарияланымдардың позициясы мен фактілері үшін редакция жауап бермейді. Қолжазбалар өңделеді және авторларға қайтарылмайды. Газет материалдарын көшіріп басу үшін міндетті түрде редакцияның рұқсаты керек. Сурет сапасына редакция жауап бермейді
---	--	--	---	---

ҮКІМЕТ СУДЫ ҮНЕМДЕГЕНДЕРГЕ БАСЫМДЫҚ БЕРЕДІ

Президенттің аграрлық секторға су үнемдеу технологияларын енгізу жөніндегі тапсырмаларының орындалуы барысымен, өңірдің су шаруашылығы инфрақұрылымының жай-күйімен танысуды мақсат еткен Үкімет басшысы Олжас Бектенов Қызылорда облысына жұмыс сапарымен келіп, кетті.



Премьер-министр заманауи су үнемдеу технологияларын іске қосқан Шиелі ауданындағы «Ақмая» шаруа қожалығының егіс алқаптарында болды. Шаруашылықта күріш, күздік бидай және жоңышқа өсіріледі, ал суару үшін суды ұтымды тұтыну жүйелері қолданылады. Қолданылған шешімдердің тиімділігі осы жылдың вегетациялық кезеңінің мысалында көрсетілді.

Олжас Бектенов өңірдің негізгі гидротехникалық нысандарының жұмысымен танысты. Атап айтқанда, Сырдария ауданында орналасқан «Өйтек» су торабының жұмысын тексерді. Су торабы 2004 жылы САРАТС жобасы аясында пайдалануға берілген. «Өйтек» арқылы 13 мың гектар егіс алқабы мен 3 319 гектар көл жүйесі, сондай-ақ 120,8 мың гектар шабындық және жайылымдық жерлер сумен қамтамасыз етіледі.

Премьер-министр Қызылорда қаласындағы, Қызылөзек ауылдық округіне қарасты 120 мың гектардан астам аумақтағы көл жүйесі мен жайылымдық жерлерді сумен қамтамасыз ететін Қараөзек арнасына зәуден шолу жасады.

Қызылорда су торабын аралау барысында Үкімет басшысына Су ресурстары және ирригация министрі Нұржан Нұржігітов пен облыс әкімінің орынбасары Бақыт Жақанов өңірдегі су шаруашылығы жағдайы мен қазіргі қабылданып жатқан шаралар туралы баяндады. Қызылорда су торабы 1956 жылы пайдалануға берілген және 120 мың гектар аумақты суаруды қамтамасыз етеді.

Сапар барысында Премьер-министр Мемлекет басшысының су үнемдеу технологияларын қарқынды түрде енгізу жөніндегі алға қойған міндетіне назар аударды. Бұл қазіргі гидрологиялық жағдайда өте өзекті. Осыған байланысты Үкіметтің баса көңіл бөліп отырғаны – ауыл шаруашылығы өндірушілерін тұрақты сумен қамту, соның ішінде оларды суды тиімді пайдаланудың заманауи технологияларына кезең-кезеңімен көшіру. Осы тұрғыда 2024 жылы Су және ирригация министрлігі Ауыл шаруашылығы

министрлігімен бірлесіп инвестициялық субсидиялау және суармалы су ережелеріне тиісті өзгерістер енгізген болатын. Соған сәйкес тамшылатып және жаңбырлатып суаруды енгізген шаруашылықтармен суды пайдалануға арналған келісімшарттарға басымдық беріледі. Қалғандары қалдық су көлемі және суды үнемдейтін шешімдерге

1 сәуірге дейін осы қоймаларға 6,7 млрд. текше метр су жинау жоспарланған. Шардара - 5,2 млрд., Көксарай - 1,5 млрд. Алайда, небәрі 5,9 млрд. текше метр су, яғни жоспарланған көлемнен 737 млн. текше метр кем жиналды.

Шілденің 30-ы күнгі мәлімет бойынша Шардара су қоймасына жоғарыдан түскен су көлемі секундына 158,1 текше метр, қоймадағы нақты су көлемі 571 млн. текше метр. Бұл жоспардағыдан 1529 млн. текше метрге кем. Мемлекетаралық су шаруашылығын үйлестіру комиссиясы отырысында қоймада 2268 млн. текше метр болады деп белгіленген.

Су тапшылығына байланысты қалыптасқан жағдайға тұрақты мониторинг және түсіндірме жұмыстарын жүргізу үшін барлық ауданда арнайы жұмысшы топтары құрылды. Қазіргі таңда барлық каналдан су алу кестесі бекітіліп, су кезекпен берілуде. Қашыртқыдағы суды екінші мәрте пайдалану бағытында облыста 324 насос қондырғысы іске қосылған.

Сондай-ақ, 5 магистральді және 3 шаруашылықаралық канал арқылы кезектестіріп су беру кестесінің жоспары әзірленіп, соған сәйкес су жұмыс атқарылуда. Жалпы егілген егістің 98%-ы кезекпен суарылуда.

Премьер-министрдің орынбасары вегетациялық кезеңнің күрделі жағдайда өтуіне байланысты атқарылған жұмыстарға тоқталды.

«Бүгін Өзбекстан тарапы 200 текше метр, Қырғызстаннан 150 текше метр, шамамен 300 текше метрден астам су 15 тамызға дейін жіберілетін болып шешім қабылданды. Жүргізілген келіссөздер нәтижесінде алдағы уақытта су көлемі жеткілікті болады деп күтілуде», - деді Қ.Бозымбаев.

Елімізде егістік құрылымын әртараптандыру жұмыстары жүйелі жүргізілуде. АӨК-ті дамытудың 2030 жылға дейінгі тұжырымдамасына сәйкес ыңғаласуығыш дақылдардың алқаптарын қысқарту көзделіп отыр. Атап айтқанда, күріш пен мақта алқабы 41 мың гектарға, оның ішінде күріш алқабы 10 мың гектарға азайтылмақ. Сонымен бірге жүгері мен жем-шөп дақылдарының өндірісі кеңейіп, ауыл шаруашылығы өнімдерін терең өңдеу саласы дамуда. Бұл шаралар суармалы жерлердегі су тұтынудың үлесін кем дегенде 20%-ға төмендетуге бағытталған. Өңірде су балансының тұрақтылығын қамтамасыз ету үшін мелиорация бойынша шаралар енгізілуде. Мәселен, Түркістан және Қызылорда облыстарында 118 тік дренаж жүйесі және 243 сорғы агрегаты іске қосылды. Коллекторлық-дренажды сулы қайта пайдалану жүзеге асырылады және кезектестіре әрі түнгі суару жүйесі тәжірибеден өтуде.

Сапар қорытындысы бойынша Олжас Бектенов суды тиімді пайдалану тәжірибесін кеңейту және шаруаларды суарудың заманауи әдістеріне көшуге ынталандыру қажеттігін атап өтті. Жалпы алғанда, Үкімет бұл бағыттағы жұмысты өңірлермен, жауапты министрліктермен және су пайдаланушылармен үйлестіре отырып жалғастыратын болады.

Үкімет басшысының орынбасары Қанат Бозымбаев Қызылорда облысына жұмыс сапарымен келді. Вице-премьер облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаевпен бірге Сырдария ауданына қарасты Нағи Ильясов ауылындағы «Мағжан и Қ» шаруа қожалығының жұмысымен танысты. Шаруашылықта бүгінде 360 адам еңбек етеді. Егін алқаптарына 2985 гектар күріш, 780 гектар бидай, 769 гектар ескі жоңышқа егіліп, 2000 гектар жерге лазерлік тегістеу жұмыстары жүргізілді.

Шардара су қоймасы мен Көксарай су реттегішінің 2025 жылдың вегетацияаралық кезеңінің жұмыс режиміне сәйкес, биылғы

702 гектары жаңа жоңышқа және 1347 гектары ескі жоңышқа. Шаруашылықта 210 адам тұрақты жұмыспен қамтылған.

Ауыл шаруашылығы техникалары да жеткілікті, паркінде 25 трактор, 15 комбайн, 2 шөп шапқыш, 3 тіркеме және 11 экскаватор-погрузчик бар. Климаттың өзгеруі мен су тапшылығына байланысты кәсіпорын 2021 жылдан бері су үнемдеу технологияларын енгізе бастады. Бұл мақсатта 600 миллион теңгеге арнайы жобаны жүзеге асырды. Германиядан дренажды құбырлар мен арнайы соқа сатып алып, Испаниядан әкелінген жаңбырлатып суару жабдығы орнатылды. Жаңа технологиялар суды тиімді пайдалануға, өнімділікті арттыруға, экологиялық тұрақтылыққа айтарлықтай оң ықпал етті.

Аудандағы суармалы жер көлемі 31 024,3 гектар, оның 17 445 гектарына ауыл шаруашылығы дақылдары, атап

Аймақта 5 магистральді және 3 шаруашылықаралық каналмен кезектестіріп су беру кестесі әзірленіп, осы кестеге сәйкес жұмыс атқарылуда, яғни жалпы егілген егістің 98%-ы кезекпен суарылуда.

Күріштің өсу фазасына сәйкес толық пісіп-жетілу уақыты 115-125 тәулік. Жедел ақпаратқа сүйенсек, облыс бойынша егілген күріштің 8,8 мың гектары түтікке шығу, 37,1 мың гектары масақтану, 30,3 мың гектары гүлдеу, 4,7 мың гектары сүтті пісу фазасында.

Айтқанда дәнді дақылдар 5 881 гектарға, майлы дақылдар 500 гектарға, малазықтық дақылдар 8 900 гектарға, картоп, көкөніс, бақша дақылдары 2 164 гектарға егілді. Күріш көлемі 5 636 гектар. Егін шаруашылығымен 9 шаруашылық айналысады, барлығы күріш егеді.

Вегетациялық кезең басталғалы бері жоспардағы 295,03 млн текше метр судың 259,6 млн текше метрі, яғни 88 пайызы жеткізілген.



Үкімет басшысының орынбасары Қанат Бозымбаев Қазалы ауданына да жұмыс сапарымен барды. Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаевпен бірге Қарашенгел ауылдық округіне қарасты Ақөзек учаскесіндегі «РЗА» акционерлік қоғамының жұмысымен танысты.

«РЗА» АҚ – 2000 жылы құрылған және су үнемдеу технологияларын енгізген алдыңғы қатарлы ауыл шаруашылығы кәсіпорыны. Негізгі бағыты – ауыл шаруашылығы өнімдерін өндіру және өңдеу. Биыл 4706 гектар жерге егін еккен. Оның 2238 гектары күріш, 419 гектары жүгері,

және бақша 1180 гектарға егілген. Күріш көлемі 12993 гектар. Қармақшы ауданында 32 шаруашылық егін шаруашылығымен, 30-ы күріш егуден айналысады.

Биылға жоспарланған 404,0 млн. текше метр судың 296,2 млн. текше метрі нақты жеткізілді. Қазіргі уақытта 33 насос 9 шаруашылықтың егіс алқаптарындағы күріш пен ауыл маңындағы картоп, көкөніс, бақшаны суаруға қызмет етеді.

Мұнан бөлек, Қ.Бозымбаев 2004 жылы құрылған «Жаңажол» шаруашылығының алмабағымен танысты. Шаруашылық 4,5 гектар жерге 1521 түп алма, 138 түп алмұрт және 205 түп өрік отырғызып, өнім алуда.

620 түп «Семеренка», 177 түп «Бес жұлдыз», 105 түп «Голдин», 138 түп «Белиналип» сорттары арық арқылы суарылады. 2023 жылы тағы 5 гектар аумаққа 8 600 түп алма көшеті тамшылатып суару әдісімен егілді. Қошеттер Жамбыл облысы Мерке ауданындағы тұжымбақтан алынған. Жаңа алмабақта «Голден Делишес», «Старкримсон», «Мельба», «Столовка» және «Қызыл» сорттары өсірілуде.

Суару жүйесі Израиль технологиясы бойынша жасалған.

Премьер-министрдің орынбасары Қанат Бозымбаев Қызылорда облысына жұмыс сапары кезінде облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаевпен бірге Жалағаш ауданы Таң ауылындағы «Таң LTD» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің жұмысымен танысты.

«Таң LTD» ЖШС биыл 3668 гектар жерге егін екті. Оның 1226 гектары күріш, 75 гектары қант құмайы, 295 гектары жаңа жоңышқа, 661 гектары ескі жоңышқа, 700 гектары жүгері. Серіктестік 300 тұрғынды жұмыспен қамтыған.

Премьер-министрдің орынбасары вегетациялық кезеңдегі киындықтардан өту үшін барлық тиісті шаралар қабылданыуы керек екенін айтты.

Су тапшылығына байланысты қалыптасқан жағдайға тұрақты мониторинг және кеңінен түсіндірме жұмыстарын жүргізу үшін барлық ауданда арнайы жұмысшы топтары құрылды.

Қазіргі таңда, барлық каналдан су алу кестесі бекітіліп, су кезекпен беріледі. Қашыртқыдағы суды екінші мәрте пайдалану үшін облыста 324 насос қондырғысы қосылған.

Сапар барысында Қанат Бозымбаев «Басықара» гидроторабының жұмысын тексеріп, шаруашылық жетекшілерімен кездесуде халықаралық келісімдер туралы айтты.

Сондай-ақ Қанат Бозымбаев, облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаевпен бірге Қармақшы ауданындағы «Жаңажол» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің жұмысымен танысты.

«Жаңажол» – өңірдегі ауыл шаруашылығын дамытып, халықты тұрақты жұмыспен қамтыған жетекші құрылымдардың бірі. Биыл шаруашылық

«Басықара» гидроторабының жұмысын тексеріп, шаруашылық жетекшілерімен кездесуде халықаралық келісімдер туралы айтты.

Сондай-ақ Қанат Бозымбаев, облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаевпен бірге Қармақшы ауданындағы «Жаңажол» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің жұмысымен танысты.

«Жаңажол» – өңірдегі ауыл шаруашылығын дамытып, халықты тұрақты жұмыспен қамтыған жетекші құрылымдардың бірі. Биыл шаруашылық

БАҒАДАН БАСТАП БӘРІ ӨСТІ

Айта беретіндей, биылғы жылдың алты айында аймақ экономикасы мен әлеуметтік дамуында, қай жағынан болса да өсім бар. Құрылыс қарқыны артты, өнім өндіру көлемі өсті, өзендер жапқан сөз болып қалмас үшін Ұлттық статистика бюросының Қызылорда облысы бойынша департаменті басшысының орынбасары А.Әбілбаевтың Өңірлік Коммуникациялар Қызметі алаңындағы брифингте айтқан мәліметтерін жариялап отырмыз.

2025 жылдың 6 айының қорытындысымен аймақтың әлеуметтік-экономикалық дамуына тоқталсақ, өңірде өнеркәсібі 17,2%, ауыл шаруашылығының жалпы өнімі 2,8%, негізгі капиталға салынған инвестициялар 21,5%, құрылыс жұмыстары көлемі 44,5%, пайдалануға берілген тұрғын үйлер көлемі 6% және сауда көлемі 5,4%-ға артқандығы байқалады.

Өнеркәсіп саласы бойынша, өндіріс көлемі қолданыстағы бағамен 512,2 млрд. теңгені құрады, ал өңдеу өнеркәсібі бойынша 188,2 млрд. теңгені құрап, 2024 жылдың қаңтар-маусымымен салыстырғанда 17,2%-ға өсті.

Оның ішінде: **тамақ өнімдерін өндіру 16,2%-ға, жеңіл өнеркәсіп 16,0%-ға, мұнай өңдеу өнімдерінің өндірісі 15,4%-ға, резеңке және пластмасса бұйымдарының өндірісі 6,9%-ға, металлургиялық өндіріс 19,2%-ға, жиһаз өндірісі 42,1%-ға өсті.**

Инвестиция 2025 жылдың қаңтар-маусымында негізгі капиталға 295,1млрд. инвестиция тартылып, 2024 жылмен салыстырғанда 21,5%-ға артты. **Соның ішінде: республикалық бюджет – 32,8 млрд. теңге, яғни 51,0%-ға өсті, жергілікті бюджет 54,6 млрд. теңге, яғни 74,3%-ға өсті, жеке инвестициялар 207,6 млрд. теңгені құрап 9,4%-ға өсті.**

Жеке инвестициялардың меншікті қаражаты 155,6 млрд. теңге, 23,6%-ға өскен, банктердің кредиттері 27,4 млрд. теңге, 21,4%-ға кеміді, басқа да қарыз қаражаты – 24,6 млрд. теңге 15,4%-ға азайды.

Құрылыс 2025 жылдың қаңтар-маусымында құрылыс

саласы бойынша құрылыс жұмыстарының көлемі 111,9 млрд. теңгені құрап, 2024 жылмен салыстырғанда 44,5%-ға өсті.

Тұрғын үй Өңірімізде 6 айдың қорытындысы бойынша 1643 тұрғын ғимараттары, оның ішінде 1620 жеке тұрғын үйлер және 22 көпқабатты тұрғын үйлер және 1 жатақхана пайдалануға берілді. Олардың жалпы ауданын 2024 жылмен салыстырғанда 6%-ға өсіп, 350 мыңнан астам шаршы метрді құрады.

Соның ішінде көпқабатты тұрғын үйлердің жалпы алаңы 3 есе, пайдалануға берілген жеке тұрғын үйлердің жалпы алаңы 2,7%-ға азайды.

Ауыл шаруашылығы: Ауыл, орман және балық шаруашылығы өнімдерінің жалпы көлемі 31,5 млрд.теңгені құрап, өткен жылдың тиісті кезеңімен салыстырғанда 2,8%-ға өсті. Соның ішінде өсімдік шаруашылығы 17,1%, мал шаруашылығы 0,3% көбейді.

2025 жылы облыс бойынша егіс көлемі 186,6 мың гектарға егілді. 2024 жылы 189,4 мың гектар болды. Оның ішінде дәнді дақылдар 93,9 мың гектар. Негізгі дақыл күріштің көлемі 80,9 мың гектар, майлы дақылдар 6,4 мың гектар, мал азықтық дақылдар 69,4 мың гектар, көкөніс 6,7 мың гектар, бақша 8,5 мың гектар, картоп 1,6 мың гектар.

Мал шаруашылығы 2025 жылдың 1 шілдесінде өткен жылдың тиісті кезеңімен салыстырғанда ірі қара мал 17,8%-ға, түйе 0,6%-ға, жылқы саны 3,5%-ға көбейгені байқалады.

2025 жылдың қаңтар-маусымында мал мен құстардың барлық түрлерінің тірідей салмақта шаруашылықта сойылуы және өткізілуі 17,4 мың тоннаны құрап, 3,6%-ға, сауылған сиыр сүті 21,5 мың тоннаны құрап, 3,0%-ға, өндірілген тауық жұмыртқасы 3 299,9 мыңды құрап, 9,4%-ға көбейген.

Ішкі сауда 2025 жылдың қаңтар-маусымында жалпы сауда көлемі 400,6 млрд. теңгені құрап, 5,4%-ға өсті.

Көлемнің өсуі бөлшек сауда да 246,5 млрд.теңге, 4,2%-ға өсті, көтерме сауда да 153,3 млрд.теңге, 7,4%-

ға, автомобильдерге техникалық қызмет көрсету және жөндеу қызметтері 0,7 млрд.теңгені құрап, 4,0%-ға өсті.

Көлік және қоймалау бойынша өнімнің жалпы шығарылымы 153,0 млрд. теңгені құрап, 0,6%-ға өсті. Өсім - автомобиль және қалалық электр көлігінде жолаушылар айналымы табысының өскендігі есебінен.

Көлік түрлері бойынша жүк тасымалдау көлемі 7,7%-ға, жолаушылар тасымалдау 35,7%-ға артты.

Баға статистикасы 2025 жылдың маусым айын, 2024 жылдың желтоқсан айымен салыстырғанда облыс бойынша тұтыну тауарлары мен қызметтерінің индексі 106,2%-ды құрады.

Азық-түлік тауарлары бағасы 7,8%-ға, азық-түлік емес тауарлары 4,7%-ға, ақ ақылы қызметтер 5,6%-ға жоғарылағаны байқалады.

Халық саны: Қызылорда облысы халқының саны 2025 жылдың 1 маусымында 846,9 мың адам болды. **Қала халқы 399,1 мың адам және ауыл халқы – 447,8 мың адамды құрады.** Жалпы адам санының 47%-ы қала тұрғыны болса 53%-ын ауыл халқы құрайды.

Сонғы 5 жылдың ішінде халықтың саны 42,6 мың адамға өскендігі байқалады.

Көші қон: Халықтың көші-қоны әлеуметтік, экономикалық, саяси, экологиялық және сыртқы факторларға сәйкес өзгеріп тұрады. Көші қон қызметі органдары ұсынған мәліметтерді өңдеу нәтижесінде, 2025 жылдың қаңтар-мамырында облысымызға тұрғылықты тұруға келгендердің тіркелу саны 16546 адамды, облыстан кеткендердің саны 20579 адамды құрады. 2024 жылдың қаңтар-мамырымен салыстырғанда облысқа келгендер саны 15,8% көбейгендігі байқалады.

Халықтың табиғи қозғалысы: Алау туу көрсеткішінің үздіксіз өсуі аймақ тұрғындарының әлеуметтік жағдайының жақсара түскендігін және халықтың жасарғанын (халықтың орташа жасы 29,8 жасты құрайды) көрсетеді. Жалпы босанатын жастағы әйелдер саны көп. Бір қуанарлығы, 5-6, тіпті 7-ші перзентін дүниеге әкелген алтын құрсақты аналардың саны да кейінгі кезде өсіп отыр.

«Бекітілген халық тіркелімі» базасы арқылы Статистика бюросына ұсынған азаматтық хал актілері жазбаларындағы мәліметтерді қалыптастыру нәтижесінде, 2025 жылғы қаңтар-мамырда облыста 6739 сәби дүниеге келген. Оның 3454-і ұлдар болса, 3285-і қыздар.

Жалпы біздің өңірдің туу көрсеткіші және табиғи өсімі тұрақты. Облыстар арасында 1000 тұрғынға шаққанда туу көрсеткіші бойынша тұрақты төртінші орындалды.

Статистикалық мәліметтерге сүйенсек облысымызда күніне орташа есеппен 50-55 сәби дүние есігін ашады. Ай сайын 1550-1600 балаға дейін дүниеге келеді.

Жоғарыда аталған факторларды ескере отырып, облыста халық санының өсіп отырғанын байқауға болады.

Еңбек және жұмыспен қамту: Қызылорда облысында 2025 жылдың I тоқсанында бір қызметкердің орташа айлық атаулы жалақысы 354 856 теңгені құрады. Еңбек ақының ең жоғары шамасы көлік және жинақтау қызметінде 581 375 теңге, ең төменгі шамасы ауыл, орман және балық шаруашылығы қызметтерінің саласында 166 570 теңге болып белгіленді.

2025 жылғы I-ші тоқсанда жұмыссыздар саны 16,9 мың адамды құрады. Жұмыссыздық деңгейі жұмыс күшіне қарағанда 4,8%. Алай-34 жас аралығындағы жастар арасындағы жұмыссыздық деңгейі 3,4%-ды құрайды. Жастардың жалпы санынан NEET жастар үлесі – 5,7%.

Деректер халықтың жұмыспен қамтылуының іріктемелі зерттеу қорытындылары негізінде қалыптастырылады.

Кәсіпорындар статистикасы: 2025 жылғы I шілдеге 11617 бірлік заңды тұлғалар тіркелді. Оның ішінде 10330 бірлік субъекті жұмыс жасап тұр.

2025 жылғы I шілдеге тіркелген шағын және орта кәсіпкерлік субъектілерінің саны 67552 бірлікті құрады. Жұмыс істеп тұрған субъектілер саны 64926 бірлікті құрап, 0,7%-ға көбейді.

ӨЗІНЕ ДЕ, ӨТКЕНГЕ ДЕ ӨКПЕСІ ЖОҚ...



Сегіз қанат киіз үйдің төрінде жан жағына байыппен бағдарлай қарап, ой үстінде отырған кісінің парасат - пайымын анық аңғарасың. Не ойлап отыр екен?. Жақында жұбайы Бақыт апа жүрегіне ота жасатып, ауруханадан шығып келген бойы екен. Әлде өмірлік жан серігінің денсаулығына алаңдап, мазасызданып отыр ма екен?! “Жақсы сөз- жарым ырыс”. «Апай әлі жас қой, тез сауығып кетеді» деп сәлемдесіп, жылы сөз, тілегімізді айтып жатырмыз. Кезінде нар тұлғалы, палуан денелі, қайратты жігіт болғаны тұрпатынан-ақ көрініп тұр. Үлкендерге тән байсалдылықпен сөйлер сөзін бабына келтіріп, мақалдап, өзіндік мақаммен бастауы еріксіз баурап әкетті.

- Мына киіз үй - ата-анамнан қалған аманат. Өке-шешемнің қамқорлығымен осы шаңырақ астында жастық шағым өтті. Қасиетті шаңырақта төрт көзіміз түгел отырып, дастарханнан дәм татып, анамың шайын ішетіңбіз. Жылда көктемде осы үйдің шаңырағын көтеріп тіккенде, отбасының, бала-шағаларымың түгел жиналып бас қосқанын қалаймын. Бір атадан тараған ұрпақтар осы шаңырақ астында бірлікпен тірілік етсе екен деп тілеймін. Жылда көктемде киіз үйдің шаңырағын көтеретін күнді сағынып күтемін. Шүкір, биыл да қара шаңырақта құрбан шалып, айттық тараттық-деді ол назарын бізге бұрып. Басында тақия, аяқтақ мәсі, үстінде қазақы шалпан. Ұлттық нақыштағы қазақы киім бойына жарасып-ақ тұр. Ислам дінін құрметтеп, аузында-Алласы, қолында-тәспісі, үнемі дәрет алып, бес уақыт намазын қаза қылмайтын тақуа, көркем мінезді, кемел адам. Қазақи болмыс, қадыр қасиетін танытып тұрған қарттың келісті келбетін көріп сүйсіндік.

Керегенің басындағы басқұр мен бау, шулар, өрнектелген тұс киізге көңіл аудардық. Қасиетті домбыра мен қамшы, тәспі, желпілуш, қолдан жасалған пышак пен мылтық төрде іпүлі тұр. Бір бұрышта сандықта жиналған төсек орын, жайнамаз, енді бір шетте бесік, ертоқымыз көзіміз шалды. Атадан балаға мирас боп қалған тұрмыстық бұйымдар мен құнды дүниелерді көріп қуанып қалдық. Қазақта «Қарты бар елдің қазынасы бар» деген даналық сөз бар. Өмірін еңбекпен өрген, ел алдында беделі биік, мерейі үстем ардақ тұтар ардагерлеріміз аз емес. Олардың өмірімен танысып, ібірат алудың өзі бір ғанибет. Бұқарбай ауылының халқы Қабыланбек Нұрмағанбетовты көш бастаушымыз, көкірегі шөжіре қазыналы қартымыз деп құрмет тұтады. Өйткені ол кісінің ізгілікпен өрілген өмір жолы ескелен құрпаққа үлгі өнеге.

1947 жылы 22-наурызда Жалағаш ауданының Бұқарбай батыр ауылында дүниеге келген ол №33 «Красный Октябрь» орта мектебінде оқи жүріп, оқушылардың өндірістік бригадасында еңбек етіп, жоғары көрсеткіші үшін Мәскеудегі Бүкілодақтық халық шаруашылығы жетістіктері көрмесіне қатысып, оның қола медалімен, Алматы, Шымкент, Қызылорда қалаларында

өткен оқушылардың слеттеріне қатысып, Қазақстан ЛКСМ Орталық комитеті мен өлкелік, облыстық комсомол комитеттерінің Құрмет грамоталарымен марапатталған. Алматыдағы зоотехникалық-мал дәрігерлік институтын бітірген. Институт қабырғасында спорттың самбо түрінен құрама командада болып, 1-санаттағы спортшы дәрежесін алған.

Алғашқы еңбек жолын туған ауылында мал дәрігері болудан бастады. Таң, Бұқарбай батыр ауылдарында бас мал дәрігері, шаруашылық директорының орын-басары қызметтерін атқарды. Өзінің білімін, іс тәжірибесін кеңінен пайдаланып, ауданның егін және мал шаруашылығы мен экономикасын дамытуға үлес қосты. Еліміз егемендік алған жылдары сол кездегі Ақсай, қазіргі Бұқарбай батыр ауыл округінің алғашқы әкімі болып тағайындалып, осы қызметті төрт жыл атқарды. Бұл уақытта шаруашылық, мекеме және қоғамдық ұйымдармен бірлесіп, ауылдың әлеуметтік, мәдени-тұрмыстық жағдайларын жақсарту бағытында қыруар жұмыстар атқарылды. Бірқатар мәселелер шешімін тауып, көркейту-көгалдандыру жұмыстары жүйелі түрде жүргізілді. Заман талабына, нарық заңына бейімделген білікті маман 1998 жылы «Сәйгүлік» шаруа қожалығын құрып, егін, көкөніс-бақша, төрт түлік мал, балық өсірумен айналысты. 1999-2011 жылдары ауыл шаруашылығын әртараптандыру номинациясы бойынша аудан бойынша жеңімпаз атанды.

Елге жасаған еңбегі елеусіз қалған жоқ. Халық сенім артып, Таң ауылдық кеңесінің депутаты, екі рет Жалағаш аудандық қоғамдық кеңесінің мүшесі болып сайланды. Ауданның әлеуметтік –экономикалық және мәдени дамуына қосқан үлесі үшін «Жалағаш ауданының Құрметті Азаматы» атағы мен Қазақстан республикалық ардагерлердің қоғамдық бірлестігінің «Құрмет белгісі» төс белгісімен марапатталды. Облыстық ардагерлер ұйымының Пленум, аудандық ардагерлер ұйымының алқа мүшесі. Қызылорда облысының Құрметті Ардагері. Сондай-ақ бірнеше рет әр түрлі деңгейдегі Құрмет грамоталарымен, Мемлекет басшысы Қ.Тоқаевтың Алғыс хаттарымен марапатталған. 2005 жылдан бері Бұқарбай ауылы ардагерлері ұйымының төрағасы.

Кезінде ауылшаруашылығы сала-сында еңбек етіп, ауданның өсіп-өркендеуі мен қалыптасуына үлес қосқан өмірлік тәжірибесі мол төрағаның басты ұстанымы зейнеткерлердің қоғамдық белсенділігін зерттеп, тиісті құрылымдар мен кәсіпкерлер арқылы көмек беру, өмір жолдарын нәсихаттап, ауыл халқының бірлігін нығайтуға бағытталды. Сөйтіп уақыт талабына сай жаңа бағытпен жұмыс жүргізіп келеді.

Ардагерлер ұйымының есебінде 213 кісі есепте тұрады. 7 кісіден құрылған ардагерлер кеңесі жұмыс істейді. Әр

жылдың басында жұмыс жоспары жасалып, жалпы жиналыс қаулысымен бекітіледі. Барлық ардагерлерге бекітілген үлгіде әлеуметтік карта толтырылған. Жыл сайын әлеуметтік картаға өзгеріс жасалып, қосым-шалар тіркеліп отырады. Ардагерлер үйінде тарихи танымдық естелік,діни кітаптардың қоры жинақталған. Сонымен қатар түрлі-түсті теледидар, отандық Отау-ТВ антенасымен жабдықталып көрсетіп тұр. Аудандық, облыстық, республикалық басылымдардың тігінділері де сақталған. Ардагерлер үйінде сәрсенбі, жұма күндері ардагерлер жиналып пікірлесіп, халықтың жағдайын талқылайды. Ауыл ардагерлері елге келген сенат, мәжіліс, облыстық, аудандық мәслихат депутаттарымен және облыс, аудан әкімдерімен кездесіп отырады. Оларға ауыл тұрғындарының ұсыныс-пікірлерін жеткізеді.

Ауылда Мәдениет үйі жанынан құрылған “асыл қазына”, “Ежелер клубы” өнер көрсетіп, жастарға салт-дәстүрді насихаттайды. 7-мамыр, 9-мамыр, 31-мамыр күндері елін қорғап, ұрыс даласында мерт болған боздақтар ескерткішіне гүл шоқтары қойылып, құрбандарға құран аяттары бағысталады. Ардагерлер ауданда өтетін барлық мәдени-көпшілік шараларына, ұлттық спрот ойындарына белсене қатысады. Қарттар күнінде құрылымдар өз ардагерлеріне азық-түлік беріп, сый-сияпат жасайды, концерт ұйымдастырады. Жалғыз басты, тұрмысы ауыр отбасыларына тегін шөп, отын, көмір беріледі. Сондай-ақ кезектілік бойынша демеушілер арқылы арнайы автобус шығарып, ардагерлерді тарихи орындар мен Астанаға саяхатқа сапарға шығару, шипажайларда демалдыру ұйымдас-тырылып келеді. Ауылдағы имандылық мекені Бұқарбай батыр атындағы мешітте азан айтылып, намаз оқылады. Дүние есігін ашқан сәбилерге ат қою, жас жұбайлардың некесін қию рәсім-дері өткізіледі. Ерте көктемде дихан қауымға мол өнім, елге тыныштық, береке-бірлік тілеп, тасаттық берілсе, ауылдағы мұсылман дінін қабылдаған, қайтыс болған өзге ұлт өкілдерін қа ж ауып, арулап шариғат жолымен жерлеу дағдыға айналған. Айта берсек, ардагерлер кеңесінің ауыл әкімі, шаруашылық басшылары, әйелдер кеңесімен бірлесіп атқарып жатқан жұмыстары одан әрі жалғасын табуда. Ең бастысы ауыл ардагерлер ұйымы елді бірлікке бастап, салт-дәстүр, салау-атты өмір салтын насихаттап келеді. Бастауыш ұйымының алқа мүшелері Ә.Нұрмағанбетов, Т.Семенов, Е.Тоқмыраев, Қ.Байтақатов, С.Карипов, Б.Кадреновтер аталған жұмыстар мен шараларға белсене қатысып, үлкен ұйымшылдық танытып жүр.

Халықтың қамын, елдің мүддесін ойлап, қоғамдық жұмыстардың басы-қасында жүрген ол халықтың мұң-мұқтажын, талап-тілегін түрлі деңгейдегі әкімдер мен депутаттарға жеткізіп, халық пен билік арасында алтын көпір болудан еш жалыққан емес. Шүкір, сол ізденісі мен еңбегінің арқасында елдің көкейінде жүрген мәселелер оң шешімін тапты. Мәселен, ардагердің араласуымен республикалық ма-ңызы бар Ф-33 «Қызылорда-Жалағаш» автомобиль жолының 80-шақырымдағы өбден ескіріп, құлап қалу қаупінде тұрған «Северная прокат» каналының үстінен өтетін көпір қайта салынса, Мырзабай ахун ауылындағы «Майжарма» каналының үш шақырым жерінен ауыл тұрғандарының үйлерін, мал қораларын жүр асты ыза су басып қалу қаупін болдырмау мақсатында елді мекенге дренаж жүйесі орнатылды.

Сондай-ақ Бұқарбай батыр, Еңбек елді мекендерінде «Ақбұлақ» бағдарламасы аясында аяқ су жүйесіне қайта жаңғырту жұмыстары жүргізілді. Бүгінгі таңда Бұқарбай батыр ауылының көше-леріне электр желісі тартылып, жарық-тандырылды. Мектеп, мәдениет үйлері күрделі жөндеуден өтті. Ардагерлер мен тұрғындар «Таза Қазақстан» акциясына қатысып, тал көшеттерін отырғызып, ауыл жасыл-желекке бөленіп келеді.

- Өзімді жолы болғыш бақытты адам санаймын. Қарапайым ауылда орта мектепті бітіріп, өмірден өз орнымды таптым. Өткенге де, өзіме де өкпем жоқ. Қоғамдық өмірде қызмет бабында ерен еңбегімен ер атанған ел ағалары Ұзақ Еспанов, Алдаберген Бисенов, Несіпбай Әпірезов, Қазына Жүсіпова, аудан,облыс басқарып, жауапты қызмет атқарған Сейілбек Шаухаманов, Болатбек Қуандыков, Қырымбек Кешербәев, Қожахмет Баймаханов, Саммит Далдабаев, Өмірбек Шәменов, Серік Сермағамбетов, қазіргі аймақ басшысы Нұрлыбек Нәлібаев сынды азаматтармен сыйласып, дәм-тұзdas болу сәттері бұйырды. Осыны Алланың маған берген сыйы деп қабылдаймын. Ендігі тілегім –Тәуелсіз еліміздің тыныштығы, халқымыздың амандығы-дейді, ардагер аға бізбен әңгімесінде.

Ия, өткен күндердің шпес еідері болады. «Жақсының жақсылығын айт, нұры тассын» деп қазақта ежелден айтылып келе жатқан тәмсіл сөз бар. Осы бір қасиетті де, қастерлі сөз бақытын еңбекпен тапқан ардагер ағамызға арнап айтылғандай. Ол кісінің елге жасаған еңбегінің шегі жоқ.Әлшмен аудандық, облыстық, республикалық басылымдардан оқып танысуға болады. Сонымен қатар ұлағатты ұрпақ тәрбиелеп өсірген ол өзгелерге өнеге көрсетіп, тағылымды тәрбие, отбасы құндылықтарын насихаттап жүр. Осыдан бірер жыл бұрын Сыр бойында өткен облыстық «Мерейлі отбасы» ұлттық байқауына қатысқан Нұрмағанбетовтер отбасы 3-ші орынды иеленіп, жеңімпаз болуы осының айқын айғағы. Жұбайы Бақыт апай екеуінен тараған ұрпақтар тізбегі қолдағы он саусақтан асып жығылады. Ал енді немере-шөберелеріне келер болсақ, кереметтей сүйіспеншілікке бөленесің. Абыз ардагер, асыл әже атанған ерлі-зайыпты Нұрмағанбетовтер жақсы өмір сүріп, өнеге жолдары өрге жүзген бақытты жандар.

Атсейітті өнер де әкенің қанымен, ананың сүтімен дариды. Өке тәрбиесін алып өскен ол жас кезінен ат жаратып, бәйгеге шауып, ат спортын насихаттап келеді. “Ат шаппайды, Бап шабады, Бап шаппайды Бақ шабады» дегендей, оның өз қолымен баптаған тұлпарлары талай додаларда топ жарып, бәйге алып жүр. Мәселен, Бұқарбай батыр Естекбайұлының 180 жылдығы, мемлекет және қоғам қайраткері Темірбек Жүргеновтың 100 жылдығы, Түркістан қаласының 1500 жылдығы, Астана қаласында өткен ірі іс-шараларда, облыстық «Алтын күз» мерекелерінде, Қарабұра Әулие, Ораз ахун Бекетайұлын еске алып,ұлықталған астарда аламан бәйгеге қосқан тұлпары алдына жүйрік салмай бірінші келді. 1998 жылы облыстық «Алтын күз» мерекесінде аламан бәйгеге ат қосып, «Келте тонды Келменбет» атындағы бас жүлдені жеңіп алды. Жалпы 1989-2006 жылдары аралығында 106 рет бәйгеге ат қосып, 92 рет бас бөйгені жеңіп алған екен.Жиырма жылдан бері ауыл, аудан, облыс атынан барлық деңгейдегі бәйгелерге ат жаратып қосқан ардагер атсейіс бұл күндері жас ұрпақты ұлттық ат спортына баулып тәрбиелеп жүр. Облыстық ат спорты федерациясының мүшесі. Қазіргі кезде

ат спортын балалары мен немерелері қолға алып бәйгеге ат қосып, әке жолын жалғастырып келеді.

Ұлы Абай «Руш, намаз, зекет, хат толассыз іс, Жақсы болсаң жақсы тұт бәрін тегіс» деп мұсылман адам бес парызды орындау керектігін айтады. Ол Мекке-Мәдинаға бір рет қажылыққа барған және бес парызын толығымен орындап жүрген адам. Өңгіmemіз аяқталмай жатып ақжолтай хабар келіп жетті. Облыстық ішкі істер департаментінің жедел қимыл арнайы жасағының инспекторы, полиция аға лейтенанты Қабыланбек Кемелбек Ұлықбекұлы Египет Араб республикасында спорттың каратэ түрінен өткен әлем чемпионатында бірінші орынды иеленіп елге жеңіспен оралыпты. Алматыдағы спорт Академиясының түлегі, заңгер немересі Кемелбек Ұлықбекұлы спорттың каратэ түрінен осымен екінші рет әлем чемпионы атағын жеңіп алды.

Сұхбат соңында қоштасар сәтте абыз ардагерден бата сұрап қол жайдық.

Сөзің аталы,
Атың жоталы болсын.
Биің құлынды,
Түйең боталы болсын.
Койың егізден,
Ешкің сегізден тапсын.
Келін аяғымен,
Койшы таығымен тапсын.
Ісің жүйелі,
Басың киелі болсын.
Қызың кияға,
Ұлың ұяға қонсын.
Жегенің тәтті,
Саларың сәтті
Басына бақ, дәулет қонып,
Баянды болсын.
Әмин!

«Батамен ер көгерер, жауынмен жер көгерер» дейді данышпан халқымыз. Бата беру –адал ниет, жақсы тілек білдірудің ұлттық дәстүрі. Бата беретіндер көбіне көпті көрген ақсақалдар мен кеменгер де, дуалы ауызды билер болып келеді. Көкірегі ояу көзі ашық қазыналы қарт атанған Қабыланбек Нұрмағанбетовтың бата беру өнерін де көпшілік жақсы біледі. Ел алдында абырой атағы бар, дуалы ауызды ардагерді ауыл, ауданда өткен түрлі шаралар мен жиындарға, ас - тойларға бата беру үшін арнайы шақыртып алдырады. Көргені мен түйгені мол ол бата беруден қашқан емес. Бір тойда екі жарлық жоқ, Жүректен шыққан бата –тілегін бір жерде екінші рет қайталамайды. Сосын батаның түрі көп. Жас жұбайларға, құдаларға, ас-тойларда, жолға шыққанда берілетін баталар бар. Ал, енді көктемгі тұқым себу, күзгі алғашқы орақ, жаңадан салынған жолдар мен нысандардың, тұрғын үйлердің ашылу салтанатында, әкімдермен, депутаттармен, өнер адамдарымен, спортшылармен кездесу шараларында әрқайсысына арнап, арнайы бата береді. Мәселен, алғашқы орақ салтанатында дихан қауымға жұмысына толағай табыс тілесі, өнер адамдарына шапқар шабыт, спортшыларға жеңіс тілеп жігерлендіреді.

- Атақты адамдар, айтулы билер сөзін мақал-мәтел батамен бастаған. Бата жақсылыққа дейді, ол тілек игі ниетті жанның көкірегінде көктеп өсіп-өніп, сол батаға сай ел-жұртының аманатын орындайтын ардақтысына айналады-дейді батагөй қарт. Үлкеннің ақылын, дананың дұғасын, көптің тілегін алып, көктеп көгерген халықпыз.

СЕРІК БЕРТАЕВ
Қазақстан Журналистер
Одағының мүшесі

ОБЛЫСТЫҚ СОТТА СЕМИНАР ӨТКІЗІЛДІ

Қызылорда облыстық сотында «Қылмыстық құқық және процесс, Әкімшілік құқық бұзушылық және процесс» секциялары бойынша семинар өткізілді. Семинарға Қызылорда облыстық соты төрағасының міндетін атқарушы Ж.Бекжанов, облыстық және қалалық соттардың судьялары, аудандық соттардың судьялары бейнебайланыс арқылы қатысты. Семинарды Ж.Бекжанов ашып, қатысушыларды күн тәртібімен таныстырып, көтеріліп отырған мәселелердің маңыздылығына тоқталды. Қызылорда қаласының №2 сотының судьясы Т.Темірбаев «Сот үкімі туралы» Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының Нормативтік Қаулысы бойынша бірқатар мәселелерге тоқталып, сот практикасымен бөлісті. Қызылорда облысының қылмыстық істер жөніндегі мамандандырылған ауданаралық сотының судьясы А.Изтелеуова «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне Қазақстан Республикасының қылмыстық заңнамасын онтайландыру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2025 жылғы 16 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңы бойынша баяндама жасап, ҚР Қылмыстық Кодексіне және Қылмыстық

Процестік Кодексіне енгізілген өзгерістерге тоқталды. Қызылорда қаласының әкімшілік құқық бұзу-шылықтар жөніндегі мамандандырылған сотының судьясы О.Абдукаликов әкімшілік жауаптылықты болғызбайтын мән-жайларға тоқталып, қажетті қорғану жағдайында, яғни жеке басын, тұрғын үйін, меншігін, жер учаскесін және қорғанушының немесе өзге де адамдардың басқа да құқықтарын, қоғамның немесе мемлекеттің заңмен қорғалатын мүдделеріне қол сұғушыға зиян келтіру арқылы құқыққа қарсы қолсұғушылықтан қорғау кезінде, егер бұл ретте қажетті қорғанудың шегінен шығып кетуге жол берілмеген болса, әкімшілік құқық бұзушылық болып табылмайтынын атап өтті. Қызылорда облыстық сотының судьясы Б.Қалымбет апелляциялық сатыда қаралған сот істері бойынша баяндама жасады. Семинарды қорытындылаған төраға бірінсінд атқарушы Ж.Бекжанов істерді процестік нормаларды сақтау шаралардың назарына жеткізді.

Қызылорда облыстық сотының
баспасөз қызметі

1 АЙ МЕРЗІМГЕ ТОҚТАТЫЛДЫ

Қармақшы аудандық сотында Қазақстан Республикасының әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінің 426 бабының 3-бөлігімен (тіркелмеген, қолдануға рұқсат етілмеген дәрілік заттар мен медициналық бұйымдарды сату) көзделген әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс қаралды. Сот отырысында дәріхана өкілі

фармацевт маманы А. әкімшілік құқық бұзушылық туралы хат-тамамен келісетіндігін, өзі жү-мыс орнында болмаған уақытта көмекшісі фармацевт маманының рұқсатынсыз «Калий перман-ганаты» дәрілік затының 2 данасын сатып жібергендігін, бірақ ол зат сатуға қойылмағанын көрсетіп, жеңіл жаза қолдануды сұраған.

ТОҒЫЗҚҰМАЛАҚ ОЙЫНЫНАН САЙЫС ӨТКІЗІЛДІ

Жаңақорған аудандық сотының ұйымдас-тыруымен аудандық «Руханият» орталығында Абай Құнанбайұлының 180 жылдық мерейтойына арналған тоғызқұмалақ ойынынан бірқатар аудандық мекемелер арасындағы сайыс өткізілді. Абай атамyzдың сүйіп ойнаған «Тоғызқұмалақ» ойынына Жаңақорған аудандық соты әкімшісінің басшысы мен қызметкерлері, аудан әкімі апаратының, аудандық полиция бөлімінің, төтенше жағдайлар қызметінің, орман шаруашылығы мекемесі мен аудандық заң консултациясының адвокаттары қатысып, сайысқа

түсті. Нәтижесінде, I орынды аудандық тұрғын үй-коммуналдық мекемесінің маманы Н.Сүлейменов, II орынды төтенше жағдайлар қызметінің өрт сөндірушісі Н.Ажайыпхан, III орынды орман шаруашылығының маманы М.Мүбәрак иеленді. Сайысты аудандық соттың төрағасы А.Жолдыбаев пен аудандық ақсақалдар кеңесінің төрағасы Ө.Тақырбаев қорытындылап, жеңімпаздар мен жүлдегерлерді және үздік ойын көрсеткендерді дипломмен марапаттады.

Жаңақорған аудандық соты

ИСТОРИЯ ПОЧТИ 40-ЛЕТНЕЙ ДАВНОСТИ

Памяти Ауельбекова Е.Н. посвящается



На днях, в начале июля т.г., был на поминальном мероприятии родственников в Кызылорде. Температура зашкаливала за 40 градусов, ни ветерка, ни прохлады. Гости из других регионов страны, приехавшие проводить в последний путь усопшего, с трудом выдержали этот изнурительный кызылординский зной и жару, находили для себя уют и комфорт только в помещениях с кондиционером.

И тут мне вспомнилась история почти 40-летней давности, имевшая место в конце июля 1986 года. Стояла такая же жара, как и ныне, а может быть и поболее. На отгонных участках животноводства Кызылкумов и Каракумов все выгорело, практически здесь не было растительности. Происходило дальнейшее обмеление Аральского моря, опустынивание больших площадей.

К этому времени прошли апрельский (1985 года) Пленум ЦК КПСС, положивший началу перестройки и демократизации в стране. Ауельбеков Е.Н. пришел в область в январе 1985 года, уже имея репутацию реформатора, принципиального и честного руководителя. И начал он с первых дней круто и размашисто, поставив во главу угла наведение порядка и ответственности, дисциплины, прежде всего в сфере управления. Многие в республике ознакомившись с материалами VIII пленума обкома партии, состоявшегося 8 апреля 1985 года, отмечали, что Еркин Нуржанович предвосхитил Пленум перестройки и ускорения.

Позже состоялся XXVII съезд КПСС, XVI съезд Компартии Казахстана. На высшем собрании республиканской партийной организации (6 февраля 1986 года) Ауельбеков Е.Н., первый секретарь Кызылординского обкома партии, проинформировал делегатов съезда о ситуации на земле Сыра, подверг серьезной критике руководство республики за недостаточное внимание к региону, что привело к значительному отставанию социально-экономического и культурного развития области.

Ивланные структуры Казахстана послепартийных форумов союзного и республиканского уровней среагировали на критику главы региона тех лет.

29-30 июля 1986 года Председатель Совета Министров Казахстана Н.А. Назарбаев побывал в Кызылординской области, ознакомился с реальной ситуацией в Приаралье. И, полагая, что природно-климатические условия тех дней, жесткие условия проживания жителей Сыра в неمالой степени показали соответствующее влияние на Нурсултана Абишевича (эту оценку дали его помощники Кабинету Министров - Ни В.В., Василенко, которые были вместе с Премьером), что в дальнейшем сыграло позитивную роль на принятие важнейших партийно-государственных документов по нашей области.

Кстати, программа пребывания Председателя Правительства Казахстана Назарбаева Н.А. в Кызылординской области, как и других должностных лиц союзного и республиканского уровня, составлялась по поручению первого секретаря обкома партии Ауельбекова Е.Н. таким образом, чтобы показать руководству республики истинное лицо нашего региона со всеми имеющимися проблемами, без приукрашивания и прикрас, без «потемкинских деревень». Такая стратегия руководителя региона обернулась в дальнейшем принятием нормативных актов по Приаралью, ростом темпов социально-экономического развития области.

В ходе этой поездки в инициатива принадлежала главе региона, который пытался не только обозначить проблемы, но и показать их фактическое состояние. Ему, прошедшему большую жизненную школу, выросшему по карьерной лестнице от инженера совхоза (МТС) до первого секретаря обкома партии, важно было донести до Премьер-Министра суть Аральской

трагедии, решение которой во многом зависит от решительных скоординированных действий центральных и республиканских органов власти. И мне, кажется, это ему удалось.

Целый день 29 июля 1986 года был посвящен ознакомлению с Аральским районом (первый секретарь райкома партии Уалиев Б.У., председатель райисполкома Медетбаев А. Т.). С высоты птичьего полета, с самолетов АН – 24 и Ан-2 показали устье Сырдарьи и умирающее Аральское море, десятки брошенных кораблей, а также тяжелейшие условия проживания людей в регионе.

Первым объектом посещения была станция Саксаульская, в ходе которой председатель Правительства побывал на главном предприятии поселка - локомотивном депо (начальник Бимырзаев С., секретарь узлового парткома Мырзагазиев М.), где трудилось большинство населения этой станции, обеспечивая социальное благополучие жителей поселка. Посетили цеха депо, столовую, детский ясли - сад на 280 мест, торговые точки, беседовали со специалистами и рабочими депо, населением.

По дороге в Бугунь встретились с руководящими и инженерно-техническими кадрами, рабочими треста «Монтажспецстрой» Главлривсовхозстра (Гончаров В.А., Абуов Т.А.), ознакомились с ходом строительства Арало-Сарбулакского водовода, обеспечивающего питьевой водой жителей Аральского и Казалинского районов.

На центральной усадьбе Бугунь осмотрели среднюю школу, перед фасадом которого из-за песчаных бурь скопилось немалое количество песка, которое перекрыло дорогу к учебному заведению. Состоялась беседа и открытый разговор с рыбаками и рабочими Бугуньского рыбзавода (Анесов А., директор).

В Аральске ознакомились с ходом строительства новой средней школы, встретились и беседовали с трудовыми коллективами производственного объединения «Аралрыбпром» (Сермагамбетов С., директор объединения, Турмагамбетов Б., секретарь парткома) завода подъемно-транспортного оборудования (Аблаев К., директор).

В конце рабочего дня состоялся партийно-хозяйственный актив района, на котором выступили Назарбаев Н.А., Ауельбеков Е.Н., другие участники, определили задачи региона на предстоящие годы. Многие из того, что наметили тогда, впоследствии реализовалось на практике.

Своевременно были введены в строй вторые железнодорожные пути Саксаульская – Туркестан, чуть позже, через 2-3 года, по принятым государственным актам (постановлениям) заработали электротехнический завод, филиал швейно-трикотажной фабрики, реконструирован завод подъемно-транспортного оборудования, на его базе был создан вагонно-ремонтный завод, что позволило дополнительно обеспечить работой население района, о чем просили труженники региона на встрече с Премьер-Министром и первым секретарем обкома партии.

Также был обеспечен ввод в строй Арало -Сарбулакский водовод, который несколько снял остроту вопроса с питьевой водой для людей, дал надежду жителям Аральского и Казалинского районов на лучшие времена в предстоящие годы.

Помню, председатель Бугуньского аульного совета Сартов Кенес поднимал вопрос об обеспечении аульчан водовозом для транспортировки чистой питьевой воды населению и бульдозером для расчистки песка перед зданием школы. И эти вопросы были решены в неمالой степени благодаря настойчивости и целеустремленности председателя облсовета. Он несколько раз после этой поездки приезжал на прием к

первому секретарю обкома партии. Депутат Верховного Совета СССР Ауельбеков Е.Н., пользуясь своим депутатским статусом, ради облегчения условий проживания жителей отдаленного пустынного поселка, писал по этому поводу в Госплан Казахстана, Главлривсовхозстрой, руководители которых откликнулись на эту просьбу и Бугуньскому аулсовету был выделен водовоз для этих целей, а Казалинское ГМК -86 (Имандосов С.) – откомандировывало в распоряжение Бугуньского рыбзавода бульдозер, который периодически расчищал площадь перед школой.

Второй день пребывания руководителя Кабинета Министров Казахстана был посвящен ознакомлению с Казалинским (Кушербаев Е., первый секретарь райкома партии, Амирғалиев А., председатель райи сполкома), Кармакчинским (Табынбаев К., первый секретарь райкома партии, Алибеков А., председатель райисполкома) и Теренозекским (Ердешбаев Ж., первый секретарь райкома партии, Айсина Д.Е., председатель райисполкома) районами.

Ранним утром командир АН – 2 Дуйсебаев Ж., пролетев над Аралом, доставил нас в совхозы «Кызылкумский» (Каукей) (Ахметов И., директор совхоза, Шукуралиев Д., секретарь парткома) и «Бозкольский» (Баекеев Р., директор совхоза, Буркулаков Т., секретарь парткома) Казалинского района, здесь мы побывали в нескольких чабанских точках, беседовали с животноводами, руководством и специалистами хозяйств, интересовались травостоем для животных.

Затем побывали на Казалинском гидроузле (начальник Абсеметов Ш.), музее Г. Муратбаева (директор Санкибаева Ш.) в городе Казалинске, осмотрели станцию Казалинск (Тастайбеков М., начальник станции).

К сожалению, в этот день температура была очень высокой, а перелеты на самолете осуществлялись в самый пик жары, из-за чего резко поднялось артериальное давление у Премьер-Министра, что потребовало вмешательства местных врачей. Буквально через 40-45 минут все пришло в норму, и мы направились в аэропорт, чтобы взять курс на Жусалы. По дороге мы заехали в магазин рядом с рынком, и один молодой парень, рабочий Казалинского локомотивного депо Жабиев Серик обратился с гневом к Ауельбекову Е.: «Почему многие казалинцы без работы? Почему не открываете новые производства?», на что было дано

необходимое разъяснение.

Поездка в Казалинский район тоже не прошла бесследно. Из-за засушливого лета, слабого травостоя и наступлением ранних холодов, вся территория района, где шла пастьба скота (Кызылкумы, Каракумы), покрылась ледовым панцирем, а заготовленных летом кормов хватало лишь на определенный срок. Чтобы не допустить массового падежа скота, пришлось принимать экстренные меры.

Ауельбеков Е.Н., зная катастрофическую ситуацию в двух северных районах, в ноябре 1986 года вышел с просьбой на другие регионы республики (Актюбинская, Западно-Казахстанская, Кокчетавская области), которые оказали содействие сельским труженикам земли Сыра в заготовке недостающих кормов. Так, в четырех районах Синегорья в течение почти 50 дней было заготовлено 16 тысяч тонн сена, которые были погружены на 6 тысяч железнодорожных грузовых вагона, доставлены до ст. Казалинск, откуда транспортом были доставлены до мест зимовок скота. Падеж скота в хозяйствах был, но он не принял чрезвычайного, повального характера.

Чуть позже ввод вторых железнодорожных путей и филиала обувной фабрики в Казалинске несколько снизил напряженность в обеспечении работой молодых юношей и девушек.

Летя в самолете в Жусалы, Еркин Нуржанович полусушта наметнул Премьер- Министру: «Уважаемый Нурсултан Абишевич, Вы на мушкетжасмладше меня, но жесткие условия нашего края, действовали даже на Вас. А каково местному населению работать и жить в таких условиях? Правительство должно помогать нам!».

В поселке Жусалы мы посетили цеха механического завода (Кусепов А., директор), беседовали со специалистами и рабочими, интересовались перспективой этого предприятия, имеющим почти 100-летнюю историю.

Этот завод впоследствии по нормативным актам того периода должен был подвергнуться реконструкции, даже был приобретен тысячетонный кузнечный пресс – автомат, но после развала СССР, все кануло в Лету.

Из Жусалы в Кызылорду мы отправились на автомобиле, по дороге сделали остановку в колхозе имени «III Интернационал» (Ким П.А., председатель колхоза, Еламанов Б., секретарь парткома, Садыканова А., председатель аульного совета) на рисовом поле Арипова

Шахзады, осмотрели восходы риса, беседовали со звеньевым Шахзадой и механизатором, членом обкома партии Тен Валерием, делегатом XXVII съезда партии, об обеспеченности поливной воды, запасными частями, видами на грядущий урожай.

Премьер спросил у Арипова: «Что Вам по дому надо?», ответ был моментальным: «Мотоцикл Урал с коляской». Через неделю этот мотоцикл стоял во дворе рисовода.

Была также остановка в совхозе «Ширкейли» (Садуов У., директор совхоза, Спанов М, секретарь парткома, Жусупбеков Б., председатель аулсовета) на рисовом поле Героя Социалистического Труда, члена ЦК Компартии Казахстана Балдырган Мустапаевой. В юрте Героя было организовано чаепитие, руководитель Кабинета Министров и первый секретарь обкома партии интересовались ходом подготовки к жатве, социально-бытовыми условиями труженников села у руководства совхоза и делегата XXVII съезда КПСС Камишева А., директора совхоза «Теренозекский».

В качестве примера привел лишь два напряженных и насыщенных дня Ауельбекова Е.Н., которые совпали по времени с пребыванием Назарбаева Н.А. в области, который, на мой взгляд, воочию увидел все проблемы региона. И в этом заслуга Ауельбекова Е.Н., который делал все возможное, чтобы значительно облегчить жизнь жителей Приаралья. Стучался во все вышестоящие кабинеты Союза и Казахстана, приглашал должностных лиц центральных и республиканских органов, чтобы они на месте ознакомились с состоянием дела и сделали соответствующие выводы.

Чтобы улучшить социальное самочувствие жителей земли Сыра был с постановочными вопросами на приеме и у Генерального секретаря ЦК КПСС Горбачева М.С., и у Председателя Совета Министров СССР Рыжкова Н. И., и у других руководителей союзных и республиканских министерств. При этом цель была одна – приблизить жизненный уровень каждого жителя областей среднестатистическому показателю хотя бы на уровне республики. Приведу лишь некоторые союзные нормативные акты того периода, которые потребовали не только напряженных, титанических усилий, но и больших эмоциональных потрясений Еркина Нуржановича и его единомышленников. Среди них:

-постановление Совета Министров СССР от 25 декабря 1986 года, №1536 «О мерах по ускорению социально-экономического развития Кызылординской области Казахской ССР»;

-распоряжение Председателя Совета Министров ССР Рыжкова Н.И. №1733 -р от 29 августа 1988 года, благодаря которому для жителей области был введенный коэффициент к заработной плате – 15 процентов, которым пользовались вплоть до 2000 года;

- постановление ЦК КПСС и Совета Министров СССР от 19 сентября 1988 года, №1110 «О мерах по коренному улучшению экологической и санитарной обстановки в районе Аральского моря, повышению эффективности использования и усилению охраны водных и земельных ресурсов в его бассейне».

Были и другие решения республиканских партийно - государственных органов по Кызылординской области в 1985-1989 годы.

Сейчас эти акты канули в Лету, но в то период они сыграли позитивную роль в повышении социального самочувствия людей жителей Приаралья, и они смело говорили: «А у нас первый (глава региона, руководитель области) сам Ауельбеков!». И этим было сказано все!

КЕНЕС МАХАМБЕТОВ
ветеран труда, Астана

КРЕДИТ АЛУШЫЛАРДЫ ҚОРҒАУ ШАРАЛАРЫ КҮШЕЙТІЛУДЕ

Қазақстан Республикасының Президенті Қ.Қ. Тоқаев 2025 жылғы 30 маусымда қол қойған «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне қаржы нарығын дамыту, қаржылық көрсетілетін қызметтерді тұтынушылардың құқықтарын қорғау, байланыс және артық заңнамалық регламенттеуді болдырбау мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Заңында кепілсіз тұтынушылық кредиттер алу кезінде азаматтарды қорғаудың жаңа тетіктері көзделген.

Тұтынушылық кепілсіз онлайн-кредиттерді ресімдеу кезінде **«шешім қабылдау кезеңі»** енгізіледі, бұл – шартқа қол қойылған сәт пен кредитті нақты беру арасындағы мерзім. Енді кредит осы мерзім өткеннен кейін және қарыз алушының оны беруге келісімін алғаннан кейін ғана берілуі мүмкін. Асып кеткен кезде **«шешім қабылдау кезеңі»** қолданылатын кредиттің ең төмен мөлшері, сондай-ақ қарыз алушының кредит алуға келісім беру тәртібі Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігінің (бұдан әрі – Агенттік) нормативтік

құқықтық актісінде айқындалатын болады.

Бұл норманың мақсаты – тұтынушылардың құқықтарын қорғауды арттыру және азаматтардың алаяқтық схемаларға тартылу тәуекелдерін азайту.

Кепілсіз тұтынушылық кредит алуға алғаш рет жүгінген азаматтар үшін банк бөлімшесіне немесе микроқаржы ұйымына міндетті түрде өзінің бару талабы белгіленеді. Адамның өзінің баруын талап ететін кредиттің ең төмен мөлшері де Агенттіктің нормативтік құқықтық актісінде айқындалатын болады.

21 жасқа толмаған және 55 жастан асқан азаматтардың жекелеген санаттарына олардың келісімі алынғаннан кейін ғана кепілсіз тұтынушылық кредиттер беріледі. Кредитті онлайн алуға жүгінген кезде келісім «электрондық үкімет» порталы, кредиттік бюро не кредиттордың «электрондық үкімет» шлюзінде орналастырылған сервистермен ықпалдастырылған қосымшасы арқылы ресімделеді.

Заң алаяқтық жолмен ресімделген кредиттер бойынша **берешекті соттан тыс және сот арқылы**

есептен шығаруға болатын негіздерді де кеңейтеді.

Соттан тыс есептен шығару мынадай талаптарды бұза отырып берілген кредитті алаяқтық жолмен ресімдеуге байланысты **қылмыстық іс бойынша** қарыз алушыны құқық қорғау органдарының қаулысы болған кезде **жәбірленуші** деп танауға болады;

- жаңа қарыз алушылардың шарттар жасасу кезінде кредитор бөлімшесіне жеке баруы;

- азаматтардың жекелеген санаттарының келісімін алу;

- кредиттер беру кезіндегі «шешім қабылдау кезеңі»;

- шарт жасасу кезінде биометриялық сәйкестендіру.

Егер:

- клиенттің сәйкестендіру құралдарын үшінші тұлғаның заңсыз алуы және пайдалануы, оның ішінде банктік немесе микроқаржы ұйымының қызметтерін қашықтан көрсетудің бағдарламалық қамтылымын қашықтан басқаруды пайдалану арқылы кредитті ресімдеу кезінде;

- банктің, микроқаржы ұйымының биометриялық

сәйкестендіруді жүргізу тәртібін бұзуы;

- Агенттіктің нормативтік құқықтық актісінде белгіленген ішкі және сыртқы алаяқтық фактілерін анықтау, бекіту және талдау жөніндегі талаптарды бұзу нәтижесінде ресімделген алаяқтық кредит **сот арқылы есептен шығарылуы** мүмкін.

Занда банктердің мынадай қосымша өкілеттіктері де көзделген:

Алаяқтық белгілері бар операциялар анықталған кезде банктің шот немесе электрондық әмиян бойынша шығыс операцияларын 5 жұмыс күніне дейінгі мерзімге уақытша тоқтата тұру;

Егер олар немесе олардың контрагенттері Антифрод-орталықтың дерекқорына енгізілген болса («қара тізім»), операцияларды қабылдамау және клиенттерге қызмет көрсетуді шектеу.

Жоғарыда көрсетілген талаптар күнтізбелік 90 күн өткеннен кейін күшіне енетін шешім қабылдау кезеңін қолдану жөніндегі талапты қоспағанда, ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік 60 күн өткен соң күшіне енеді.

Сұрағым бар...

БЖЗҚ-дан зейнетақы жинақтарын кесте бойынша төлеу:

ҚАЛАЙ ЕСЕПТЕЛЕДІ ЖӘНЕ ҚАЙДА ЖҮГІНУ КЕРЕК?

КЕСТЕ БОЙЫНША БЖЗҚ-ДАН ЗЕЙНЕТАҚЫ ЖИНАҚТАРЫН АЛУҒА КІМДЕР ҚҰҚЫЛЫ?

Қазақстан Республикасының Әлеуметтік кодексіне сәйкес БЖЗҚ-дан белгіленген кесте бойынша міндетті зейнетақы жарналары және (немесе) міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары (бұдан әрі – МКЗЖ) есебінен БЖЗҚ-да зейнетақы жинақтары бар адамдарғай сайын зейнетақы төлемдері жасалады:

- зейнет жасына жеткендерге (ерлер – 63 жас, әйелдер – 61 жас (2028 жылдан бастап жыл сайын 6 айға ұзарып, 2031 жылы 63 жас болады));

- 55 жасқа жеткендерге (кәсіптері уәкілетті мемлекеттік орган бекіткен өндірістердің, жұмыстардың, жұмыскерлер кәсіптерінің тізбесінде көзделген еңбек жағдайлары зиянды жұмыстарда еңбек қызметі тоқта-тылған жағдайда, зейнетақы төлеміне жүгінген кезде жиынтығында кемінде 84 күнтізбелік ай МКЗЖ төленген болса);

-мерзімсіз белгіленген 1 немесе 2 топтағы мүгедектігі бар адамдарға, БЖЗҚ-дан төлемдер Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген тәртіппен жүзеге асырылады.

КЕСТЕ БОЙЫНША ТӨЛЕМДЕР ҚАЛАЙ ЕСЕПТЕЛЕДІ?

Кестебойынша төлемдер келесідей есептеледі: төлемдерді алатын бірінші жылы зейнетақы жинақтарының сомасы зейнетақы жинақтарының төлем мөлшерлемесіне – 6,5%-ға көбейтіліп, 12-ге бөлінеді. Келесі жылдары ай сайынғы зейнетақы төлемінің мөлшері зейнет-ақы төлемдерін индекстеу мөлшер-

лемесіне – 5%-ға**өседі**. Бұл ретте БЖЗҚ-дан жасалатын ай сайынғы зейнетақы төлем республикалық бюджет туралы заңда тиісті қаржы жылына белгіленген ең төменгі күнкөріс деңгейінің (бұдан әрі - ҚД) кемінде 70% мөлшерінде болады (2025 жылы ҚД 46 228 теңге).

Белгілі бір санаттағы төем алушылар үшін: мерзімсіз белгіленген 1 немесе 2 топтағы мүгедектігі бар, сондай-ақ зиянды және қауіпті өндірістерде жұмыс істеген, жинақтары жиынтығында кемін-де алпыс ай міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары есебінен қалыптастырылған адамдар үшін Өдістемедө ай сайынғы зейнетақы төлемінің мөлшерін арттыратын түзету коэффициенттері көзделген. Бұл шарттардың біреуінен астамын қанағаттандыратын тұлғалар үшін ең жоғары мәні бар түзету коэффициенті қолданылады.

55 жасқа толған тұлғаларға зейнетақы төлемдерін есептеу және төлем жасау, сондай-ақ олар үшін жиынтығында кемінде 84 ай МКЗЖ төлеу кезінде:

- зейнетақы төлемін жүзеге асыру үшін ҚД кемінде 70% мөлшеріндегі шегі қолданылмайды;

- түзету коэффиценттері қолданылмайды;

- кезекті зейнетақы төлемінің сомасымен бірге ҚД-нің 70%-дан кем мөлшеріндегі жеке зейнетақы шотындағы қалдық төленбейді.

Айта кету керек, БЖЗҚ-дан зейнет-ақы төлемдері зейнетақы жинақтары таусылғанға дейін жүзеге асырылады.

Егер БЖЗҚ-дан төлем жасау күніндегі зейнетақы жинақтарының

сомасы тиісті қаржы жылына арналған республикалық бюджет туралы заңда белгіленген ең төменгі зейнетақының он екі еселенген мөлшерінен аспаса (2025 жылы 753 252 теңге = 62 771х12), төлем бір рет толығымен жасалады.

ЗЕЙНЕТ ЖАСЫНА ЖЕТУГЕ БАЙЛАНЫСТЫ БЖЗҚ-ДАҒЫ ЗЕЙНЕТАҚЫ ЖИНАҚТАРЫН АЛУ ҮШІН ҚАЙДА ЖӘНЕ ҚАШАН ЖҮГІНУ КЕРЕК?

Зейнетақы жасына жетуіне байланыстызейнетақыжарналарының міндетті түрлері есебінен БЖЗҚ-дан зейнетақы төлемдерін тағайындау, сондай-ақ мемлекеттік бюджеттен базалық және ынтымақты зейнетақы тағайындау үшін төлемдерді алу-шылар тұрғылықты жері бойынша «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясына (ХҚКО) уақтылы жүгінуі қажет. Мұны зейнеткерлік жасқа 10 күн қалғанда жасауға болады. Жасына байланысты зейнетақы төлемдерінің барлық түрлері өтініш берілген күннен бастап жүргізіледі. Бұл ретте егер алушы зейнеткерлік жасқа толған болса, өтініштің және қажетті құжаттардың ХҚКО-да тіркелген күніөтініш берілген күн болып есептеледі, ал егер ол ертерек жүгінген болса – зейнеткерлік жасқа толған күн өтініш берілген күн болып есептеледі. Бюджеттен төлемдер алу үшін уақтылы жүгіну өте маңызды, оны тағайындау үшін алушы ұсынған құжаттар бойынша еңбек өтілін тексеру қажет. Бюджет қаражаты есебінен зейнетақы төлемдері өмір бойы, ал БЖЗҚ-дан алушының зейнетақы жинақтары таусылғанға дейін жүзеге асырылады.

Зейнетақы төлемдерін уақтылы рәсімдеу қажеттілігі туралы алдын ала ескерту жасала ма?

Телефон нөмірлері egov мобильді азаматтар базасында тіркелген болашақ зейнеткерлерге (әлеуетті алушыларға) 1414 нөмірінен зейнеткерлік жасқа толғанға дейін 2 ай бұрын egov.kz сайтындағы құжаттар тізбесіне сілтеме жасай отырып, зейнетақы төлемдерін тағайындау жөніндегі қызметтерді алу үшін Мемлекеттік корпорацияның жақын маңдағы бөлімшесіне уақтылы жүгіну мүмкіндігі туралы SMS-хабарлама жіберіледі. Яғни мемлекеттік органдар зейнетақы төлемдерін белгіленген мерзімде рәсімдеу үшін тиісті хабарламалар жібереді, өйткені өткізіп алған кезең үшін төлемдер тағайындалмайды.

Сондай-ақ, БЖЗҚ-дан зейнетақы төлемдерін жасау бойынша белсенді қызмет көрсету мақсатында зейнеткерлік жасқа толған, БЖЗҚ-да зейнетақы жинақтары бар және оларды алуға өтініш білдірмеген тұлғаларға қатысты БЖЗҚ Мемлекеттік корпорациямен бірлесіп осы азаматтарда жасына байланысты тағайындалған зейнетақы төлемдерінің және бюджет қаражаты есебінен мемлекеттік базалық зейнетақы төлемдерінің бар-жоғын жыл сайын салыстырып, тексеру жүргізеді. Жыл сайын жүргізлетін тексерулердің нәтижелері бойынша бюджет қаражаты есебінен тағайындалған зейнетақы төлемдері бар адамдар анықталған кезде БЖЗҚ оларға мемлекеттік корпорациямен жасалған тиісті келісім шенберінде, яғни өтінішсіз зейнетақы төлемдерін жасайды.

МЕРЗІМСІЗ 1 НЕМЕСЕ 2 ТОПТАҒЫ МҮГЕДЕКТІКТІҢ БЕЛГІЛЕНУІНЕ БАЙЛАНЫСТЫ ЗЕЙНЕТАҚЫ ЖИНАҚТАРЫН АЛУ ҮШІН ҚАЙДА ЖҮГІНУГЕ БОЛАДЫ?

Мерзімсіз 1 немесе 2 топтағы мүгедектіктің белгіленуіне байланысты зейнетақы жинақтарын алу үшін БЖЗҚ бөлімшелеріне немесе сайттағы (epnf.kz)жеке кабинет арқылы немесе электрондық цифрлық қолтаңбаны пайдалана отырып, БЖЗҚ мобильді қосымшасындажүгіну қажет.

БЖЗҚ-да мерзімсіз белгіленген 1 немесе 2 топтағы мүгедектігі бар адамдар үшін көшпелі қызмет көрсетудің ұйымдастырылғанына назар аударамыз. Бұл ретте алдын ала кеңес беру, оның ішінде қызметтерді үйден шықпай, қашықтан алу мүмкіндігінің бар-жоғын тексеру жүзеге асырылады.

БЖЗҚ-ДАН ЗЕЙНЕТАҚЫ ТӨЛЕМДЕРІН РЕСІМДЕУ ҮШІН ҚАЖЕТ ҚҰЖАТТАР ТІЗБЕСІМЕН ҚАЙДАН ТАНЫСУҒА БОЛАДЫ?

epnf.kz сайтында «қызметтер – зейнетақы төлемдері» бөлімінде зейнетақы төлемдерінің түріне және оларды беру тәсіліне байланысты қажетті құжаттардың тізбесі, оларды рәсімдеуге қойылатын талаптар, өтініш бланкілеріжәнеолардытоптырууілгері, сенімхат үлгісі орналастырылған. «Онлайн-сервистер» бөлімінде БЖЗҚ-дан зейнетақы төлемдеріне жіберілетін құжаттарды алдын ала тексеру мүмкіндігі бар («төлеуге арналған құжаттарды алдын ала тексеру» сервисінің атауы: <https://www.epnf.kz/ru/elektronnyye-servisy/checkdoc.php>).

ЖҰМЫС ІСТЕЙТІН СТУДЕНТ ЖАРНА ТӨЛЕУІ КЕРЕК ПЕ?

МӘМС жүйесіне қатысты сұрақтарға жауап беруді жалғастырамыз. Қандай санаттағы қызметкерлер жарна төлеуден босатылады, жеке кәсіпкер болашақ кезеңге төлей алады ма? Осы және өзге де сауалдарға Әлеуметтік медициналық сақтандыру қорының Қызылорда облысы бойынша филиалы директорының орынбасары Жұпар Алхожаева жауап берді.

Жеке кәсіпкер жарнаны есептік айдан кейін төлей ала ма?

Жарналарды ай сайын да, алдағы кезең үшін де алдын-ала төлеуге болады. Егер сіз кейінірек төлесіз, онда берешек пайда болады және ЖК МӘМС-те мәртебесін жоғалтады. Сонымен қатар, Мемлекеттік кірістер органдары төлемді кешіктіргені үшін өсімшүл есептейді.

Төлем кезінде ЖСН, ТАӨ, төлем сомасын қатесіз көрсету маңызды, өйтпесе жарналар кері қайтарылуы мүмкін. 2-3 жұмыс күні ішінде қаражаттың кері қайтарылуын тексеріңіз.

Қызметкер үшін МӘМС төлемдер кері қайтып келеді. Бұл немен байланысты?

- Қызметкер үшін төленген қаражат жұмыс берушіге келесі жағдайларда кері қайтарылуы мүмкін:

- Егер қаражатты аудару кезінде қызметкердің құжаттары (жеке куәліктің) ауысқан болса;
- Егер қаражатты аудару кезінде қызметкердің деректері дұрыс енгізілмеген болса (ЖСН, ТАӨ-дегі қателер);
- егер қызметкердің жарналар мен аударымдарды

ЕРІКТІ САҚТАНДЫРУҒА МӘЖБҮРЛЕУГЕ БОЛМАЙДЫ

Екінші деңгейдегі банктер, микро-қаржы ұйымдары және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар (ЕДБ, МҚҰ және өзге де ұйымдар) сақтандыру агенттері ретінде бір мезгілде әрекет ете отырып, қарыз беру үшін міндетті шарт түрінде сақтандыру шартының болуын қамтиды. Мұндай қызметтер үшін сақтандыру ұйымдары оларға комиссиялық сыйақы төледі.

Мемлекет басшысы қол қойған «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне қаржы нарығын дамыту, қаржылық қызметтерді тұтынушылардың құқықтарын қорғау, байланыс және артық заңнамалық регламенттеуді болғызбау мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2025 жылғы 30 маусымдағы Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес сақтандыру агенттерінің комиссиялық сыйақысының мөлшерін ЕДБ, МҚҰ және өзге де ұйымдардың қарыздары мен микрокредиттеріне байланысты сақтандыру шарттары бойынша

сақтандыру сыйлықақысы сомасының 10%-на дейін шектеу көзделген. Заң 2025 жылғы 31 тамыздан бастап күшіне енеді.

Бұл жаңалық **қаржылық қызметтерді тұтынушылардың құқықтарын қорғауды күшейткені** және сақтандырушылардың болуы мен қолжетімділігін арттырады.

Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі банктер, МҚҰ және өзге де ұйымдар сақтандыру талаптарын мәжбүрлемеуге **тиіс екенін**, сондай-ақ қарыз алушыны **сақтандыру ұйымын таңдауда шектеуге құқығы жоқ екенін** еске салады. Бұл ерікті сақтандыру өнімі және оның талаптары тараптардың келісімі бойынша сақтандыру шартында айқындалады.

Сондықтан, кредитермен байланысты сақтандыруды рәсімдеу кезінде тұтынушы оның талаптарын, оның ішінде сақтандыру сыйлықақысы мен агенттік сыйақының мөлшерін мұқият зерделеуі қажет. Ұсынылған талаптармен келіспеген жағдайда, қарыз алушы өз таңдауы бойынша басқа сақтандыру ұйымына жүгінуге құқылы.

төлеуден босатылатын қандай да бір жеңілдікті санатқа кірсе:

балалар;

жүктілікке және босануға, жаңа туған баланы (балаларды) асырап алуға, баланы (балаларды) үш жасқа толғанға дейін оның (олардың) күтіміне байланысты демалыста жүрген адамдар;

зейнетақы төлемдерін алушылар, оның ішінде ҰОС ардагерлері;

«Алтын алқа», «Күміс алқа» алқаларымен марапатталған немесе бұрын «Батыр ана» атағын алған, сондай-ақ I және II дәрежелі «Ана даңқы» ордендерімен марапатталған көп балалы аналар;

мүгедектігі бар адамдар;

орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, жоғары білім беру, сондай-ақ жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарында күндізгі оқу нысаны бойынша білім алатын адамдар.

Яғни, егер сіз жеңілдікті санаттардың біріне кірсеңіз, жұмыс беруші сіз үшін жарналар мен аударымдарды төлемеуі керек.

Мен студентпін. МӘМС жарналарын менен ұсталмауы үшін жұмыс берушіге қандай құжаттарды ұсыну қажет? Жұмыс берушіге оқудың әр айы үшін анықтама беру керек пе?

Күндізгі бөлімде оқитын студенттер жеңілдік санатына кіреді және олар үшін МӘМС жарналарын мемлекет төлейді. Жұмыс берушіге оқу мерзімі көрсетілген және ай сайынғы растауды қажет етпейтін оқу орнынан анықтаманы беруіңіз тиіс.

МИКРОКРЕДИТТЕР БОЙЫНША МІНДЕТТЕМЕЛЕР ТОҚТАМАЙДЫ

қарыз алушыға берешекті өтеудің жаңа деректемелері мен тәртібі туралы хабарлануы тиіс.

Азаматтар микрокредиттерді рәсімдеуге жауапкершілікпен қарауы қажет. Микрокредитпен бірге қарыз алушылар оны пайызымен қайтаруға міндеттеме алатынын есте ұстаған жөн. Микрокредит алу үшін МҚҰ-ға хабарласпас бұрын, компанияның заңды түрде жұмыс істейтініне көз жеткізу де маңызды. МҚҰ-да қолданыстағы лицензияның бар-жоғын Агенттіктің сайтында тексеруге болады.

МӘМС ЖҮЙЕСІНДЕ ҚАНДАЙ ӨЗГЕРІСТЕР БАР?

- Тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі мен МӘМС біріктіретін Бірыңғай медициналық көмек пакеті енгізіледі;

- «Сақтандырылған» мәртебесін алу тетігі жеңілдетіледі. Егер азамат 5 жыл қатарынан жарна төлесе, оның мәртебесі 6 айға дейін сақталады (3 айдың орнына);

- 2026 жылдан бастап әлеуметтік осал топтар мен жұмыссыздар үшін

Қарыз алушылардың міндеттері ғана емес, тиісті құқықтары да бар. Егер МҚҰ-мен даулар туындаса, сіз микроқаржы омбудсманына тегін кеңес алу және құқықтарды қорғау үшін жүгіне аласыз.

2024 жылы Қазақстан Республикасында 29 микроқаржы ұйымы (МҚҰ) қызметін тоқтатты, оның 17-і – ерікті негізде, 12-і – уәкілетті органның шешімі бойынша. Негізгі себептер – заңнаманы, оның ішінде пруденциялық нормативтердің талаптарын жүйелі түрде бұзу.

жарнаны жергілікті бюджет төлейтін болады;

- Медициналық қызметтердің сапасы мен қолжетімділігіне бақылау күшейтіледі;

Бұл өзгерістер денсаулық сақтау жүйесінің әділдігін және тиімділігін арттыруға бағытталған.

Тұрғындардың барлық сұрақтарына толық жауаптар берілді.

"Ақшамның асханасы"

КӘДІ ИКРАСЫ

4 адамға арналған порцияны дайындауға 1 сағат уақыт кетеді.

Қажетті заттар: 1 келі кәді, 100 мл. өсімдік майы, 3 түйір жуа, 1 түйір сәбіз, 2 ас қасық кетчуп, 1 ас қасық кант, 1 шай қасық тұз, татымына қарай қара бұрыш.



Дайындалуы: қажетті заттарды жинақтап аламыз, қабығынан тазартылған кәді, сәбіз, жуаны еттартқыштан өткіземіз. Шұңғыл ыдысқа өсімдік майын құямыз. Қызып тұрған майға еттартқыштан өткен сәбіз, кәді, жуа фаршын салып, жиі араластырып, 30 минуттай бұқтырамыз. Содан соң үстіне кетчуп құямыз, тұз, кант, қара бұрышты қосып, қоюланғанша тағы да 10 минуттай бұқтырамыз.

Банкілерді залалсыздандырып, икраны ыстық күйінде банкілерге құйып, қақпақпен жабамыз.

КЕПТІРІЛГЕН ЖЕМІС-ЖИДЕК ДЕНСАУЛЫҚҚА ПАЙДАЛЫ МА?

Кептірілген өрік, мейіз, шие, танқурай тағы да басқа кептірілген жеміс-жидектер дастархан сәні.

Көп жұрт күнделікті тамақ режимінде оларды қолдана бермегенімен ас-күдай, той-томалақ дастарханы оларсыз жайылмайтыны жазылмаған заңдылық.

Негізі кептірілгендердің құрамындағы суы алынып тасталған. Бұл әдіс ертеден келе жатыр, әрі жеміс-жидек құрамындағы құнды заттары сақталып қалады.

Жеміс-жидектерді кептірудің бірнеше әдістері бар. Бірі табиғи, дәстүрлі жолмен күн көзіне кептіріледі. Бұған ұзақ уақыт кетеді, әрі қолайлы ауа райының болуы шарт.

Екіншіден көленкеде кептіріледі. Бұл да табиғи. Алайда жеміс-жидектің бәрі бұған көне бермейді, әрі көп уақыт алады.

Үшіншіден арнайы кептіретін аппараттар арқылы. Әдетте бұл аппараттарды дегидратор деп атайды. Температура мен уақытты бақылауға мүмкіндік бар, әрі тез кебеді.

Химикаттар арқылы да жеміс-жидектерді кептіруге болады. Түсі сақталады. Зиянды жәндіктер өледі, тез бұзылмайды. Алайда бұл әдіспен кептірілген жеміс-жидектер кей адамдардың аллергиясын қоздыруы мүмкін.

Кептірілген жеміс-жидектерді кәмпит, тағы да басқа тәттілердің орнына пайдалануға болады. Бойдағы қуатты арттырады. Бірақ құнарлығы жоғары болғандықтан адамның денесі толып кетуі мүмкін. Сондықтан көп жемеу керек.

Көжелерге, иогуртка, ірімшікке қосса дәмін келтіреді, таңғы асты тойымды етеді.

Тәтті тоқаштар пісіргенде, десерт жасағанда пайдаланса кант орнын алмастырады.

Компот және тағы басқа тәтті сусындар жасауға өте жаксы. Әсіресе ішегінен проблемасы болып, жеміс-жидектерді тұтастай жей алмайтындар үшін компот өте пайдалы.



Сондай-ақ кептірілген жеміс-жидектерді, мәселен, қара өрік, сары өрік мейіз дегендерді ет, құс етіне, сондай-ақ палауға қосуға болады.

Кептірілген жеміс-жидектерді пайдаланар алдында әбден жуу керек. Шан-тозан, жәндіктер, олардың құрттары, химикаттар болатыны заңдылық. Кей жеміс-жидектер, мәселен мейіз, дәндер маймен өңделген болуы мүмкін.

Алдымен ағынды жылы сумен содан соң ыстық, бірақ дәрумендерін өлтіріп алмас үшін, қайнап тұрған емес сумен 10-15 минут жуу керек. Содан соң қайтадан ағынды сумен шаю керек.

Кептірілген жеміс-жидектің суы жоқ болғанымен құнары бар. Содан да бойға қуат береді. Інжір, қара өрік

сияқтылар іш қатуын азайтады. Ішек құрылысы жұмысын жақсартады.

Зиянды жағы барын да ескерген жөн. Кептірген кезде балғын жемістерге қарағанда кант 5-7 есе көбейеді. Канттың көптігі, әрі ылғалдылығының төмендігі салмақ қосуға әсер етеді. Тіс ауруына, кариеске де әкелуі мүмкін. Химиялық өңделгендері аллергияны қоздырады, бас ауыртады, тыныс мүшелеріне де әсер етуі мүмкін. Талшықтар менен канттың көптігі ішті кептіруі мүмкін. Ішегі ауыратындардың ішін өткізеді. Қант диабеті барлар, арықтағысы келіп жүргендер, ішек құрылысында сырқаты барлар, астматиктер мен аллергиясы барлар, бүйрегі ауыратындар, тіс саулығында кінәраты барлар кептірілген жеміс-жидек жегенде абай болғаны жөн.

ҚАУЫН ТОСАБЫ

Отсыз да қауыннан тосап қайнатуға болады. Ол үшін мультиварка болса жеткілікті, от жағып әуре болмайсыз. Мультиварка қалыпты температура ұстайтын болғандықтан тосап тасып кетпейді ме деп алаңдамайсыз. Әрі қарайып, күйіп те кетпейді.

Қажетті заттар: 1 келі піскен қауынның еті, 700 гр. кант, 1 лимон

Дайындалуы: Алдымен қауынның қабығын арышып, тұқымын алып тастаймыз. Содан соң кубик етіп тураймыз. Арнайы қасық көмегімен шариктер жасасақ та болады.

Содан соң лимонды, қауынды мультиваркіге салып, үстіне кант салып, 3 сағатқа қоямыз. Арасында араластырып тұрамыз. Шырыны бөлініп шыққаннан кейін “жарқаға” қойып қайнату керек. Содан соң “тушениеге” қойып, 15 минуттай бұқтырамыз. Тосапты сәл суытып аламыз. Содан соң екі рет қыздырамыз, бұқтырамыз. Шырыны қоюланады.

Лимонды үнемдеменіз, қауын тосабының түсін әдемі етеді. әрі хош иіс береді, дәмін де керемет етеді.



МАРИНАДТАЛҒАН ҚЫЗАНАҚ

5 адамға арналған порцияны дайындауға 40 минут кетеді.

Қажетті заттар: 1 келі қызанақ, 1 литр су, 50 мл. 9%-дық сірке суы, 50 мл. өсімдік майы, 1 бас жуа, 2 түйір лавр жапырағы, 2 ас қасық тұз, 1 шай қасық түйір қара бұрыш, 3 түйір қалампыр.



Дайындалуы: Қажетті заттарды жинақтап аламыз. Қызанақты жуып, түбінің әр жерінен тесіп,залалсыздандырылған шыны банкілерге саламыз. Арасына туралған жуа, лавр жапырағы, қалампыр, қара бұрыш қосып отырамыз.

Суды бөлек қойнатып, оған кант, тұз қосып, ерігенін күтеміз. Содан соң дайын суды қызанақтардың үстінен құямыз. Сірке суын, шамалы өсімдік майын қосамыз.

Банкілерді жауып, төмен қаратып қойып, суығанша үстін қалың көрпемен жабамыз.

ҚАУЫНМЕН ҚАЛАЙ АРЫҚТАУҒА БОЛАДЫ?

Құнарлы десерттердің орнына қауын жесеңіз тәттіге деген құмарлық азаяды. Бір жағынан тоқ болып, екінші жағынан өзіңізді жеңіл сезінесіз.

Ол үшін қауынның өзін тамақтан тыс, нансыз жеу керек. Жеңіл қорытылады. Ашқарыңа жеуге болмайды. Асқазан, ішек жолдарын тітіркендіруі мүмкін.

Қауын жеп, артынан мұздай су, немесе сүт ішуге болмайды. Ағза мазасызданады. Тамақ жеп болғаннан кейін 1 сағат уақыт өткенде қауын жесе салмақ қоспайды. Негізгі кант диабетімен, асқазан жарасымен ауыратындар қауынға аса құмар болмағаны дұрыс.

ТАМЫЛЖЫҒАН ТАМЫЗ АЙЫ КІМДЕРГЕ ТАБЫСТЫ?



ТОҚТЫ

Күтпеген кездейсоқ жағдайларға толы ай. Әсіресе қаржы мәселесінде. Бәрі де өз ойлағаныңыздай бола бермейді. Айға жоспарлаған жоспарыңыз неғұрлым ауқымды болған сайын сұқрұлым шығын да көп. Көптеген Тоқтылар үшін бұл күтпеген соққы болғаныменен кей тоқтылар бұдан шығатын жол тауып қаржысының жыртығын бүтіндей алады.

Әдеттегідей түйсікке көп сене беруге болмайды. Содан да оны басшылыққа алудың қажеті жоқ. Бұған дейін де дұрыс жол көрсеткен жандардың ақыл, кеңесіне жүгінген жөн. Әрине олардың айтқаны өзіңізге ұнай да қоймас. Бірақ бұл ретте ашуға бой алдырмай, ақылмен ойланып шешкен дұрыс.

Өз сезімдерін басқара алатын, мінездеріне ие бола алатын Тоқтылар үшін бұл ай сәтті. Өз тәжірибиесінде барлығы ойдағыдай бола бермейтінін білетін, сезімдеріне ерік бере бермейтін жандар бұл белгіде аз емес...

ТОРПАҚ

Бар жан-тәнімен енбек етіп, жақсы нәтижеге қол жеткізетін кезең. Бұған тек қана жағдайдың қолайлы болуынан бөтен өзіңіздің де әбден ойластырылған, ақылға салған іс әрекеттеріңіз себепші. Көптеген Торпақтар үшін шыдамдылық айы. Сәтті кезең келгенше күте білу керек. Өзінің әр қадамын саралай білу іскерлік әлемінде, жеке өмірде де үлкен қателіктерге жол бермейді. Кейбір, әсіресе жаз, қызуқанды Торпақтар қалай дегенде де қателіктер жіберіп алады, алайда тез түзетуге тырысады. Ал, сабырлы, салқын Торпақтар жақсыға қарай іс-әрекет жасайды.

Тамыз айы – ұзақ мерзімді жоспарлар жасауға, оларды жүзеге асыруға қолайлы кезең. Өмірдің барлық саласында. Мәселен бұған дейін қызмет бағытын өзгертіңіз келсе, енді қазір жаңа мамандықты, кәсіпті игеруге болады. Сондай-ақ отбасын құруға дайынмын деп есептесеніз, ақ жол...

ЕГІЗДЕР

Айдың бас жағы қызықсыз, алып бара жатқан оқиғалар да жоқ. Өміріңізге өзгеріс енгізетіндей тосын жаңалықтар болмай тұр. Құлшыныс көп бола бермейді. Дегенмен тамыздың 11-нен кейін жақсы жаққа өзгеріс байқалады. Шаттанасыз, құлшынасыз. Ең бастысы бастаған ісіңізді аяқсыз қалдырмаңыз, тіпті өзіңізді қызықтырмаса да.

16 тамыздан кейін бар қызық басталғалы тұр. Айдың орта шенінде іскерлік әлемінде оң өзгерістер бар. Керемет идеялар пайда болады. Күрделі келіссөздер сәтті аяқталады. Қаржыға

байланысты қорқасоқтап отырғандар жақсы хабар алады. Шығармашылық жобаларды, қосымша табыс көзін іздеуге, сондай-ақ тез шешім қабылдауды қажет ететін, тосын ойлауды талап ететін кез-келген істі бастауға сәтті кезең.

Жақын адамдармен қарым-қатынаста үйлесімділік бар. Ол үшін айдың бас жағында бұған дейін берілген уәделерді орындауға тырысу керек. Сондай-ақ басқалардың өзіңізге айтқан өтінішін де ұмытпаңыз. Есесіне қарым-қатынас жылы қалыпқа түсіп, өкпе-реніш өткен уақытта қалады. Айдың екінші жартысы көптеген Егіздер үшін жаңа таныстықтар, ескі байланыстарды жаңғыртатын уақыт.

ШАЯН

Әсершіл, сезімтал Шаяндар үшін қызықты оқиғаларға толы. Айдың бас жағында неден бастарыңызды білмейсіз. Басқалар әрекет етіп жатқанда бір орында тұрып қалғандайсыз. Табысқа жету мүмкіндігіңіз қолдан шығып бара жатқандай. Алайда, өз-өзіңізді көп кінәламаңыз. Негізгі сәтті кезеңді күтіп отырсыз. Оған да көп қалған жоқ.

Көптеген Шаяндар айналасындағылардың көңіл күйін жақсы сезіне алады. Кей жағдайларда бұл проблемаға да айналуы мүмкін. Мәселен жас Шаяндардың өз мүддесін қорғауы қиын. Олардың айналасындағылардың барлығымен жақсы қарым-қатынасты, арадағы бейбітшілікті сақтағысы келетін әрекеттері маңызды қадам жасауға ітгермелейді. Ал ересек Шаяндар бекерден бекер қайырымды қадам жасамайды, әрі онысын өзі мақта-ныш көреді.

Өз-өзін бағалап, өз-өзіне жағдай жасай білетін Шаяндар үшін тамыз айы қолайлы. Бәлкім алға жаңа мақсаттар қоярсыз, бірақ нәтижесі күзде болуы мүмкін.

АРЫСТАН

Өте маңызды ай. Энергия көп, сондай-ақ сезім де мол. Барлығы бірдей позитивті емес. Көптеген Арыстандар өз өмірлері туралы ойланады. Қол жеткізген табыстарын, сүрінген сәтсіздіктерін саралайды. Қол жеткізе алмаған тұстарын да таразылайды. Есіңізде болсын қазіргі уақыт соншалықты өз-өзін сынайтын кезең емес. Одан қайта объективті болған жөн.

Тамыздың алғашқы жартысында кедергілер, тосқауылдар болуы мүмкін. Әсіресе іскерлік әлемінде қаржыға жөне қызметтік міндетке байланысты. Ең бастысы бөтеннің күдігін жүрекке жақын қабылдамаңыз. Іскерлік әлемінде, немесе жеке қарым-қатынаста болмасын өз түйсітіңізге сенім артыңыз. Алданбайсыз. Қандай іспен айналысқанда да барлығын бақылауда ұстаймын деменіз.

Өзіңіз басқармайтынды басқарамын деп әуреге түспеніз. Жақын адамдарыңызға қысым көрсетпеңіз. Әсіресе жасөспірім балаларға абай болыңыз. Арыстан ата-аналар үшін тамыз айы сынақ та болу мүмкін. Бірақ олар бұл сынақты абырой-мен алып шығады.

БИКЕШ

Оқиғаларға сараң ай. Бірақ көңіл толқулары, өзгерістер болмайды деген сөз емес. Ең маңызды сәттер сырт қарағанда байқалмайды. Алайда барлығының да бұрынғыдай емес екенін сезесіз. Жұмыстағы қарым-қатынасқа, әріптестеріңізбен басшылықтың іс-әрекетіне назар аударыңыз. Кімнің дос кімнің қас екенін байқайсыз. Зерттеумен, тергеумен айналысатындар үшін өте сәтті кезең. Басқа адамдардың іс-әректін бақылаудан, таразылаудан сондай-ақ өзгелердің қателігін анықтауда өзіңізге тең келер жан жоқ.

Кездейсоқ жағдай, беймәлім оқиға, немесе аяқ астынан кездесу көп нәрсеге көзіңізді ашады. Жас бикештер үшін бұл сәт өз өміріндегі үлкен өзгеріске бастау болуы мүмкін. Бұл белгідегілер өзінің уақытын, күш-қуатын қайда жұмсайтынын біледі. Майда-шүйдеге мән бере бермейді. Ақырындап әрекет етіңіз. Тілек тілегенде де қарапайым болу керек екенін ұмытпаңыз. Нәтижеге, табысқа жетер жолда оның орны ерекше.

Жеке өмірде бәрі тұрақты. Бұл өзіңіздің басқаларды түсіне білетін, шыдамды, салқынқанды қасиетіңіздің арқасы.

ТАРАЗЫ

Маңызды шешімдер қабылдауға тура келеді. Асықпаған дұрыс. Оқиға баяу өрбіп жатыр. Сондықтан да барлығын таразылауға уақыт бар. Шаян, Сарышан және Балақтармен ақылдасып, кеңес алуға болады. Олардың түйсігі өзіңізге маңызды.

Іскерлік әлемінде бір орында тұрып қалуға болмайды. Бәлкім қазіргі сәт серпілсе жасауға қолайсыз шығар, алайда кешікпей болса да қадам жасау керек. Бағытыңызды айқындап алып, содан кейін мақсатыңыздан ауытқымаңыз.

Айналаңыздағылар үшін өзіңізге тән келісімпаздығыңыз, жағдайды сырт көз ретінде бағалай алатындығыңыз, әділдікке ұмтылысыңыз өте бағалы. Өзіңіз ұнағыңыз келетін адамдар осы қасиеттеріңізге назар аударары. Басшы Таразылар қиын жағдайда өз-өзін лайықты ұтаса қарамағындағылар оны сыйлай біледі.

САРЫШАЯН

Кейбір түсініксіз жағдайлар көңіл күйді бұзады. Мәселен орын алған жағдайдың маңыздылығына емес, өзіңіздің онсыз

да қиын жағдайды одан сайын қиындата түсетін әдетіңізде. Егер де жаныңызда өзіңізді жақсы білетін, жақсы көретін адам болса қалай әрекет ету керектігін айтады. Өзіңіз мән бермеген тұсты көрсетеді. Торпақ, Бикеш, Тауешкілерден кеңес алуға болады. Олардың сізден айырмашылығы құр қиялға берілмейді. Үрейге бой алдырмайды. Жағдайды нақты бағалау іс-әрекеттің нақты жоспарын жасауға, жинақталуға, әсер етеді.

Айдың бас жағында бәрін өзім істеймін деп бар міндеттемені мойынға ала бермеу керек. Егер де мәселе туындап, сурақ болып жатса, өзглерден кеңес алуға қысылманыз.

Жеке өмірдегі кейбір қиындықтар осы айда өзіңіздің барлық мәселеде, кез-келген дау-дамайда жеңімпаз болғыңыз келетін өзіңіздің дұрыстығыңызды басқалардың сөзсіз мойындағанын қалайтын ниетіңізде. Жақын адамдарыңызға бұл ұнай бермейді, демек өткір әзілдерге, келіспеушілікке дайын болыңыз.

МЕРГЕН

Айдың бас жағы қиындау. Жәймен әрекет етуге тура келеді. Ал бұл сізге тән емес. Егерде жаныңызда дұрыс кеңес беретін, жақсы үлгі көрсететін адам болса қателіктерге ұрынбайсыз. Бәлкім ескі танысыңыздың көмегі тиіп қалар. Таразы мен Суқұйғыштардың айтқанына аса мән беріңіз.

Айдың орта шеніне беймәлім жағдайлар, тосқауылдар кейінге қалып, әрекет ететін уақыт. Жолыңызда кедергілердің жеткілікті екенін түсініп, жаңа қателіктерге бой алдырмаңыз. Арты қайырсыз болатын дау-дамайға араласпаңыз.

Ақырындап, анық басыңыз. Есіңізде болсын, кейде тілек тілегенде де қарапайым болған дұрыс. Өйткені нақты мақсат қоя білу, әрі сол мақсатқа жетудің нақты жолын табу керек.

Жеке өмірде өзгерістер, онда да маңызды өзгерістер орын алады. Бірақ асықпаған дұрыс. Ойға келген алғашқы шешім көп ретте дұрыс бола бермейді.

ТАУЕШКІ

Демалыс жариялауға болады. Бұрын бәрі де қиын көрінгенімен, жақсы тәжірибе жинақтауға қолайлы кезең. Тағдыр жомарттық танытып тұр. Сый-сыяпат та көп, жаңа мүмкіндіктер де жетеді. Сасап-ңыз. Өтірік қарапайым болмай-ақ, сәтіммен келгенді алып қалуға тырысыңыз.

Өрине қиындықтар бар. Асығуға, үрейге бой алдыруға болмайды. Бәрін ретімен атқарыңыз. Біреу көмектеседі деп үміттенбеңіз. Қайта бұрынғы, тіпті жаңа таныстар да кедергі келтіруі мүмкін. Бірақ олардың ойында жамандық жоқ, өздерінше қолдап жібергісі келеді. Сондықтан оларға

мін артпай, ұрыс-керіс шығармай жәймен ғана ысырып қоя салыңыз.

Айдың екінші жартысында бұған дейін үміт үзілген, аяқталмаған іс орнынан қозғалады. Әсіресе қаржы мәселесінде немесе құжаттарға байланысты. Нәтижесінде өзіңізге қажеттіге қол жеткізіп, келесі маңызды қадам жасайсыз.

СУҚҰЙҒЫШ

Маңызды іс бастаудан, көп күш қуат жұмсаудан гөрі өз-өзіңізге сын көзбен қарай біліңіз. Өз сезімдеріңізге, көңіл толқуларыңызға мән беріп, олардың нақты себептерін іздеп, өз әлсіздігіңізді мойындаудан қорықпаңыз. Бәлкім осының нәтижесінде тәжірибе жинақтап, бұған дейін алға жылжуға кедергі болған тұсты табарсыз.

Әлі күнге өзінің жеке өмірі мен міндеттемелері арасында үйлесім таба алмаған жас Суқұйғыштар үшін қиындықтар баршылық. Кейбір Суқұйғыштар бунтарларға айналуы мүмкін. Айналада болып жатқан жағдайлардың нақты себебін білмегендіктен де қисынсыз жағдайларға тап болады. Ал ересек Суқұйғыштар өздеріне сенімді, өздері тандаған идеялар мен адамдарға да сенімді. Содан да жағдай бірқалыпты.

Осы айда жаңа іс бастаған Суқұйғыштар тосын жағдайға тап болып, айналасындағы адамдардың қысымына түсіп қалады. Бұл жағдайда қаншалықты қиын болса да өз мақсаты мен мүддесінен бас тартпау керек. Табысқа жету өз қолыңызда. Сондықтан да басқалардың ойына келмегенді ойлап табатын қасиетіңіз көмекке келеді.

БАЛЫҚ

Өз өміріңіз өз қолыңызда. Сезіміңіз бен түйсігіңіз кімге сенім артуға болатынын, ұнайтын-ұнамайтынды сездіреді. Жұлдыздар өз-өзіңізбен жеке айналадағылармен алда болуға кеңес береді. Әрі қиын жолда алға жылжитын күш пен қуаттың да жеттілікті болатынына да уәде береді. Айдың бас жағында жұмыс барысында өз-өзіңізге күмәнданасыз. Біліміңіз, тәжірибеніз жеткіліксіз сияқты. Алайда қол қусырып отырып қалмай, алға қарай кішкентай болса да қадам жасасаныз бұрыннан алға қойған мақсатыңызға жақындайсыз. Жақын адамдарыңыз барлық жағынан қолдау көрсетеді. Қандай да жағдай болмасын олар сізбен бірге.

Айдың екінші жартысында қызмет, жұмыс, іскерлік әлемінде жақсы өзгерістер болғанымен жеке өмірде қиындықтар болуы мүмкін. Асығыс шешім қабылдамай, үстірткіне артапай, жағдайды түбірінен талдай білсеңіз, бәрі қалпына түседі. Өз қорытындыларыңыз әділ. Сондай-ақ идеяларыңыз да жағдайды жақсыға өзгертуге жәрдемдеседі.